- 11 **Boldyrev, N. N.** Kognitivnaya semantika glagola: sbornik statei. [Cognitive semantics of the verb: a collection of articles] – М.-Berlin : DirektMedia, 2016. – 222 p.
- 12 **Plotnikova, A. M.** Kognitivnoe modelirovanie semantiki glagola [Cognitive modeling of verb semantics] avtoref. ... dokt. fil. nauk : 10.02.20. [text]. – Yekaterinburg, 2005. – p. 25

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

\*3. Ш. Ерназарова<sup>1</sup>, Г. Ш. Ерназарова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет КИМЭП,

Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркут Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

**КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ КАТЕГОРИИ  
ГЛАГОЛЬНОГО ЗАЛОГА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

*Предлагаемая исследовательская работа посвящена изучению категории залога глагола в когнитивно-семантическом аспекте. Цель исследования – оценить категорию залога глагола как результат познания человека – как концепт, установить и обосновать статус когнитивного сценария как основной когнитивной модели категории залога глагола и показать закономерности организации когнитивных сценариев. Актуальность исследования определяется в первую очередь важностью для современного языкознания изучения значений грамматических категорий, формируемых на основе когнитивных принципов.*

*В исследовании использовались методы компонентного анализа, описания и сравнения. В ходе исследования был систематизирован когнитивный сценарий категорий залога глагола и проведен опрос учителей казахского языка. В результате исследования было обнаружено, что типы грамматических значений категорий залога глагола, принятые в структурной грамматике, не полностью соответствуют существующей функции. Выяснилось, что семантика залога зависит от положения говорящего в пространстве, участия в процессе, фоновых знаний, связанных с процессом, личных взглядов и целей, отношения к действию. Категория залога глагола – это вербальная категория, которая передает и определяет участие субъектов, вовлеченных в ситуацию речи и в процесс действия.*

*Результаты исследования могут быть использованы в области когнитивной семантики, коммуникативной лингвистики и когнитивной грамматики. При этом результаты исследования также используются в лингводидактике обучения казахскому языку как второму.*

*Ключевые слова: категория залога глагола, когнитивный сценарий, субъект, объект, ментальное пространство, теория образа, фреймовая семантика.*

\*Z. Sh. Yernazarova<sup>1</sup>, G. Sh. Yernazarova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>KIMEP University.

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>Qorqyt Ata University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Material received on 08.09.21.

**COGNITIVE-SEMANTIC ASPECT OF THE CATEGORY  
OF THE VERB VOICE IN THE KAZAKH LANGUAGE**

*The proposed research work is devoted to the study of the voice category of verbs in the cognitive semantic aspect. The purpose of the study is to assess the voice category of verbs as a result of human cognition – as a concept, to determine the cognitive model, to distinguish the propositional content into frame components.*

*Methods of component analysis, description, and comparison were used in the research. In the course of the research, the cognitive scenario of the verb voice was systematized and a survey was conducted among teachers of the Kazakh language. In the survey, participants were asked to analyze the semantic components that make up the cognitive scenario of the verb voice according to the content of the sentence. It was found that the semantics of the verb voice depends on the position of the speaker in space, participation in the process, background knowledge related to the process, the subject's personal views and goals, attitudes to the action. A verb voice is a verbal category that conveys and determines the participation of the subjects involved in the situation of speech and in the process of action.*

*The results of the research can be used in the field of cognitive semantics, communicative linguistics, and cognitive grammar. At the same time the results of the study are also used in the linguo-didactics of teaching the Kazakh language as a second language.*

*Keywords: verb voice category, cognitive script, subject, object, mental space, image theory, frame component.*

<https://doi.org/10.48081/EQNL9047>

**\*Қ. Т. Жанұзақова, Б. Ф. Қалдыбаева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**«ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ. АНТОЛОГИЯ» ЕҢБЕГІНДЕГІ  
ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛелЕРІ**

*Мақалада Президент бастамасымен жүзеге асқан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында жарық көрген «Әдебиет теориясы» атты бес томдық кітаптағы келелі теориялық мәселелердің қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары мен әдебиеттану ғылымындағы орны мен маңызы қарастырылады. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттану ғылымының даму тенденциясы да пайымдалады. «Әдебиет теориясы. Антология» еңбегіндегі әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы тың теориялық, философиялық, эстетикалық мәселелері, пайымдалады. Әлемдік әдеби процесс пен ХХ ғасырдың екінші жартысындағы жаһандық әдебиеттегі заманауи жаңа теориялар және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты қарастырылады. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер қаралады. Әдеби байланыстардың түрлі жолдармен жүзеге асып отыруы, әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары талданады. Әлем әдебиетін жаңа көзқараспен талдайтын шетелдік авторлар мақалаларының бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттанудағы орны бағамдалады. Мақалада аталған оқулықтағы бүгінгі әлемдік әдебиет теориясының даму бағыттары да сөз болады. Бұл бағыттардың қазақ әдебиетінде қаншалықты өріс алғаны кеңінен тұлжысырмдалады.*

*Кілтті сөздер: тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттану ғылымы, әдебиет теориясы, даму тенденциясы, бағыт-ағымдар, әдеби процесс.*

**Кіріспе**

Еліміздің егемендік алуы еркіндікке жол ашып, мазмұны мен пішіні толысқан, идеялық-концептуалдық мәні жаңарған көркем әдебиетті жаңа қырынан тануға, зерттеуге мүмкіндік берді. Ғылым жолында кенже қалып,

адамзат көшіне ілесе алмаған халықтың өзгелердің құлына айналатынын қай дәуірдің ойшылдары болмасын мойындаған. Әлемдік деңгейде өз мүмкіндігімізді көрсетіп, даңғыл жолдың көшіне ілессек өзгелермен санасуға құқылымыз. Біздің бұған рухани әлеуетіміз де, ұлттық сана-сезіміміз де жетеді. Бұл әлеуеттің негізгі көзі – ұлттық әдебиеттану ғылымының асыл қазынасына олжа салған құнды ғылыми еңбектер. Бүгінде А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» терең теориялық ұғымдар ұлттық классикаға сүйеніп жасалса да, әлемдік теориялық ойдың биігінде көрінгені анық [1]. Өйткені, одан кейін жазылған М. Бахтин, Л. Выготский, басқа да әдебиеттің теориялық мәселелеріне арналған еңбектерден осы сабақтастықты байқаймыз. «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» [2], әлемдік деңгейдегі аса құнды ғылыми зерттеу екендігі анық. Тәуелсіздік алғанға дейінгі әдебиеттің жай-күйі мен даму сипаттары баршаға мәлім. Ал тәуелсіздік жылдарындағы еңбектер С. Қирабаев, С. Қасқабасов, З. Ахметов, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов, Р. Нұрғалиев, Ж. Ысмағұлов т.б. ғалымдардың зерттеулерімен толықты. Ұлттық сөз өнерінің тарихын, Алаш тұлғаларының әдеби мұраларын зерттеу мәселесі қолға алынды. Абайтану саласында тың зерттеулер жазылды.

Бүгінгі таңда көркем әдебиеттің көкжиегі мейлінше кеңейе түсті. Әдебиеттің басқа гуманитарлық ғылымдармен пәнаралық байланысы арнайы зерттеу нысанына айналуға. Қазіргі әдебиеттануда зерттеушілер әдебиеттегі әдіс, бағыт, ағым мәселелеріне тың дерекпен келіп, жаңаша көзқараспен қарауда. Бұл әлем әдебиетіндегі өзгерістердің ұлт әдебиетінде де көрініс тауып жатқандығын білдіреді. Осы негізде өзге ғылым салаларымен сабақтастыра отырып жазылған, үлкен сұранысқа ие «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде жарық көрген тағы бір көлемді бес томдық еңбек – «Әдебиет теориясы» оқулығы.

**Зерттеудің нысаны:** «Әдебиет теориясы. Антология» бес томдық оқулығы

**Зерттеудің пәні:** әдебиеттану ғылымының зерттеу еңбектері

**Мақсаты:** «Әдебиет теориясы» оқулығындағы әдебиеттану ғылымының теориялық мәселелерін зерделеу

**Міндеттері:**

– «Әдебиет теориясы» оқулығының қазақ әдебиеттану ғылымындағы маңызы мен мәнін зерделеу;

– Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет теориясының қазіргі таңдағы даму бағыттарын, негізгі тенденцияларын саралау;

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Бүгінгі күн биігінен қарағанда біз өз халқымыздың төл тума әдебиеті мен мәдениетіне енді ғана мән бере кірісіп, әлем әдебиетінің көкжиегімен

сабақтастыра отырып, әдебиетке тек бір бағытта ғана баға беріп қоймай, оның басқа ғылымдармен байланысы негізінде қайта қарауды қолға алдық. «Әдебиет теориясы» оқулығы қазақ оқырмандарын әлемдік әдебиет теориясының тың зерттеу бағыттарымен таныстырып, болашақ зерттеу еңбектеріне қажетті негіз бола алады. Оқулықта структурализм, постструктурализм, нарратология, феноменология, лингвистика, психоанализ сияқты аса күрделі мәселелер заман ағымына сай жаңаланған [3].

Әлемдік әдебиет теориясының жаңа зерттеу бағыттары қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерделеуге бастама болары сөзсіз. Қазақ оқырмандары үшін еңбектегі теориялық зерттеулер мен тәжірибеден өткен ақпараттар, әдеби мәтіндерді қабылдау мен оқырманның әдеби талғамы адамзат дамуындағы әдебиеттің алар орнын белгілеп берді. Көркемөнердің қалыпқа сыймайтын өлшеусіз бірлігі болып табылатын әдебиет теориясының тек табиғаттың не ғаламның тылсым сырларын ашуға ғана емес, адам жанының нәзік құпияларын табуға деген талпынысы үздіксіз жүріп отыратын процесс. Құрылымдық тұрғыдан жаңа сипатта жасалған оқулық – авторлардың жиырма жылдық тәжірибесінің жетістігі. Мұнда әдебиеттен бөлек, ғылымның кез келген саласынан, оның ішінде, биология, философия, психология, т.б. тың жаңалықтар бар. Философ не лингвист ғалымдар деп танып келген тұлғалардың әдебиет әлеміндегі еңбектері де баршылық. Батыс әдебиетімен шектеліп қана қоймай, қазіргі әдебиет теориясы деп түсініп жүрген ұғым-түсініктердің барлығын дерлік қамтыған. Платон мен Аристотель сияқты философтардың адамзат мәдениетіндегі алғашқы зерттеулері сөз болады. Аристотель, негізінен, әдебиеттің адамзат игілігіне қалай қызмет ететініне назар аударса, Платон әдебиет арқылы айтылатын ғаламдық шындықтарға мән берді. Екі ойшыл көрсетіп берген форма мен мазмұн, бейнелеу амалдары мен мағына сынды әдебиеттің егіз өлшемі әдеби теорияның түзілімін бұрынғыдан гөрі айқындай түсті.

Оқулықтың жазылу тарихы да қызық. Мұқабадағы сурет те күрделі ойларға жетелейді. Кіріспе жалпы әдебиет теориясына қатысты тың пікірлерді кеңінен қамтыған аңдатпа мен жаттығулар жүйесінен тұрады. Әр тараудың мазмұнын ашатын аңдатпа және соған сәйкес классикалық шығармалар талданған жаттығулар беріледі. Мұндағы әрбір ой нақты тұжырымдармен қамтылып, көркем шығарма арқылы таразыланады. Негізгі салмақ, қорытынды түйінді жайып салмай, оқырманның өз үлесіне қалдырады. Қаламгерлер шығармаларын талдай отырып, формализмге басқа қырынан келеді. Әдебиетті зерттеуді тілді зерттеумен байланыстырған ғалымдар әдеби шығарманың формасы да маңызды екеніне тоқталады. Мазмұн мен пішін мәселесі В. Пропп пен М. Бахтин еңбектерінде ерекше аталады. Әсіресе, М. Бахтиннің әдебиет теориясы саласындағы еңбектері, идеялары кейінгі ғалымдарға азық

болды. Оқулықта М. Бахтиннің «Романдағы дискурс» еңбегінде қоғамның жеке-жеке қайнарларынан туындап жатқан дискурстарды әдебиеттің қалай тоғыстыратынына ден қойып, көркем шығармада көрінетін интермәтіндік табиғатын түсінуге жетелейді.

XX ғ. тілдік зерттеулерге көңіл бөле бастаған формалистер В. Шкловский, Р. Якобсон, Б. Томашевский, Б. Эйхенбаум мәтін құрылымына назар аударып, оның құрамдас бөліктерін талдауға айрықша қызығушылық танытты. Бұлайша талдау прозалық баяндау мен поэзия сынды екі негізгі жанрдағы екі түрлі негізгі формаға мән берді [7]. Формалистер көркем тілдің теориясын, терминологиясын жасады. Олардың осы жетістігін XX ғ. 60–70 жылдары структурализм жалғастырды.

Оқулықта структурализм, постструктурализм теориясына қатысты орыс және батыс ғалымдарының еңбектері мол. Структурализмнің әдістемелік ұстанымдары Ф. Соссюрдің құрылымдық лингвистикасы мен орыстың формалистік мектебіне негізделді. Авторлар әдеби тілдің қызметі мен міндетіне арнайы тарау арнаған. Әдебиеттің жаны мен болмыс-бітімі тіл арқылы көрініс табатыны анық. Демек, құрылымдық лингвистиканың негізін қалаған орыс лингвистеріне тоқталу оқулық мазмұнын аша түседі.

Ф. Соссюрдің структурализмге қосқан екінші бір үлесі – тілдік таңба тұжырымы. Оның айтуынша, сөз дегеніміз – таңба, ал лингвистика, әділін айтқанда, таңбалардың, оның ішінде сөздердің қалай әсер ететінін зерделейтін семиология деген салаға тиесілі. Сөздер екі жағы не екі қыры бар таңбалар; дыбыстық компоненттен тұратын таңбалаушы және идеялық компонентке ие таңбаланушы [8].

1960 ж. структурализмнің мектеп ретінде қалыптасуына М. Фуко, Ж. Лакан, Ю. Кристева, Л. Альтюссер еңбектерінің ықпалы зор болды. М. Фуко әр кезеңдегі тілдің табиғаты мен рөліне, өзгермелі сипатына назар аударды. Уақыт өте келе адамдардың білім туралы түсінігі өзгеріп, көкжиегі кеңеюіне орай тілдің де қызметі ауысып отыратынын айтады. Сонымен қатар, әдебиет тарихында француз структуралистіне арналған еңбек – Дж. Куллердің «Структуралистік поэтикасы». Аталмыш зерттеуде адамзат мәдениетінің жемісі тілдің қызметі мен құрылымы, ережелері мен ұстанымдары арасындағы структуралистік сипаттамаларға салыстырмалы талдау жасалады.

«Әдебиет теориясы» антологиясының I томы – ұлттық әдебиет теориясында қалыптасқан кейбір түсініктерді бұзып, басқа қырынан қарастырады. «Постструктурализм» мен «Психоанализ және психология» деп аталатын екі көлемді бөлімнен тұрады [4]. Адамзат дамуындағы әдебиеттің алар орны, бүгінгі оқырманның таным-талғамы, көркем шығарманы қабылдау мен түсіну және теориялық тұрғыдан зерделеу мәселелері кеңінен қамтылады. Сондай-ақ, телевизиялық сериалдарды талдаудың зерттеу



тәсілдері де беріледі. Ал антологияның II томындағы назар аударатын тұс – Р. Барттың «Автордың өлімі» және «шығармадан мәтінге» тақырыптарында қамтылған маңызды тұжырым-талдаулар [5]. Постструктурализмнің қайнар көздері, оның әдебиетте көрініс табуы, жеке ағым ретінде өрістеуі жан-жақты сараланған. Өзге ғылымдармен байланысын зерттей келіп, философиямен, әдебиетпен, тілмен, психологиямен арақатынасына тоқталған. Әрбір бөлімді әдеби шығарманы талдай отырып түсіндіріп, жазу мен сөйлеу, автор мен оқырман, автор мен шығарма, бейсаналық пен тіл тұрғысынан қарастырған. Мұнда «Билікке құштарлық» атауымен берілген Ф. Ницшенің «Дифферанс», «Қатерлі толықтама» еңбектері, З. Фрейдтің тұжырымдары – әдеби туынды табиғатын тану үшін де, теориялық талдаулар үшін де таптырмас құралдар. Ж. Руссодан бастап Нобель сыйлығының лауреаты Элис Манроға дейінгі бірқатар жазушылардың шығармаларына қатысты қызықты пікірлер айтылады.

«Таңбалалардан бас тартатын уақыт келді» деген айқайын жеткізген постструктуралистер структуралистерге қарсы идеяларын ұсынды. Ф. Ницше бастаған жас философтар үшін мәдениеттегі тіл билігін айқындау негізі мәселе болды. М. Хайдеггердің «Болмыс және ештеңе» кітабы, М. Фуконың «Ессіздік және мақсатсыздық», Ж. Делездің «Ницше және философия» туындысы – постструктуралистік бағытты насихаттайтын еңбектер. Сонымен қатар Ж. Дерриданың 1967 жылы жарық көрген «Грамматология», «Жазу және айырмашылық» және «Дауыс және феномен» атты үш кітабы постструктурализмнің даму тарихындағы маңызды кезеңді көрсетті. Зерттеуші И. Ильин атап көрсеткендей, постструктурализм «өнер мен әдебиеттегі, жалпы мәдениеттегі өзгерістерге рефлексия еді». Сондай-ақ, оқулықта «лингвистика идеясының» француз психоанализ мектебі өкілдеріне әсері қозғалады. Француз өмірінде психоанализ туралы көзқарастар бұған дейін де бар болатын. Ж. Лакан постструктурализмнің дамуына ерекше үлес қосты. Ғалымның пікірінше, тіл психологияны қамтамасыз етті.

Шығарма авторы қашанда маңызды сипатқа ие. Жазушы өмірбаяндары, баспасөз бетінде берген сұхбаттары, тыныс-тіршілігі, өз тұлғасы мен шығармашылығы зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Қалыптасқан ұғым бойынша ол әдебиетімізден бөле-жармай бірге қаралады. Бірақ автордың ықпалын жоққа шығарып, әдебиеттің мәнін сөзден іздегендер де болды. Автор бейнесін жойып, талдау жасау қазіргі заманда лингвистика арқылы жүзеге асады. Лингвистика тұрғысынан автор – «тұлғалық Мен» ретінде жазатын адам. Классикалық кезеңдегі критицизм әдебиеті оқырманмен айналыспады, олар тек әдебиет әлеміндегі шығармашыл адамның шығармашылығымен ғана шектелді. Осы қалыптасқан түсінікті бұзып-жарып, кітапта жазудың келешегін нығайту үшін оқырманның пайда болуын автордың кері шегінуімен байланыстырады. Бұған Р. Барттың «Автордың өлімі» шығармасы дәлел. Бұл

кезеңде мәтіннің құрылымына емес, енді оның мағынасына назар аударды. Ж. Дерриданың «мәтіннен тыс ештеңе жоқ» деген сөзі қоғамда пікір тудырып, мәтіннің маңыздылығын арттырды. Мәтінді түсіну, қабылдау, пайымдау сияқты теориялар қалыптасып, герменевтикалық бағыт қолға алынды. Герменевтика – автор мен оқырман арасындағы диалог, тек әдебиеттанудың ғана емес, гуманитарлық, қоғамдық ғылымдардың методологиялық негізін құрайды.

«Әдебиет теориясы» антологиясының III томы адамзат дамуындағы еңбек мәселесі, мемлекет пен идеология, тарих философиясы, ориентализм, отарландыру, жаһандану, мәдени бірегейлік пен диаспора, аударма саласы, эмпиризм, этика секілді мәселелерді теориялық тұрғыдан кеңінен қарастырылады [6]. К. Маркс, В. Беньямин, М. Фуко еңбектері, одан өзге У. Шекспир, Е. Бишоп, М. Жакоб, Э. Манро, т.б. жазушылар шығармалары жаңаша талданады. Оқулықтың соңғы томы тың тақырыптарымен түйінді пікір жасауға жетелейді [7]. «Таным. Эмоция. Эволюция. Ғылым» деп басталатын бірінші бөлімінен-ақ құдды бір зерттеу емес, көркем шығарма оқуға кіріскендей ұмтыласың. Ең қызығы, еңбек мұқият оқуды, кей тұстарын қайта қарауды, қайта парақтауды қажет ететін қайталанбастығымен ерекше. Мұнда әдебиеттің басқа ғылымдармен: жаратылыстану-биология, дүниетаным-философия, эстетика-психология, геометрия-математика сынды салалармен күрделі байланысын көреміз. «Нарративті эмпатия», «Аффектілі экономика», «Нейробиология», «Цифрлық-гуманитарлық ғылымдар», «Адам тіршілігі теориясының мәселелері», «Біз білмейтін өмір», «Адам дәрменсіздігінің эстетикасы» сияқты күрделі тақырыптар таңғажайып сырлардың құпиясын ашады. Еңбекте XX ғ. соңындағы заманауи теориялар мен әдебиет теориясының қазіргі таңдағы жаңа зерттеу бағыттары кеңінен пайымдалады.

### Қорытынды

«Әдебиет теориясы» оқулығы көркем шығарма теориясы ғана емес, әдебиетті қабылдау мен түсіну, талдау мен оқытудың жаңа әдістемелері жөнінде ақпарат береді. Авторлар әлемдік үздік еңбектер мен шығармаларды зерделеп, әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына, әдеби ағымдарға теориялық талдау жүргізеді. Қазақ әдебиеті үшін мазмұны терең мұндай оқулықтың жарық көруі қуанарлық іс. Әдебиет теориясының күрделі беттерін тек шетелдік толғам-түсініктермен ғана шектемей, жаһандық әдебиеттің ұғымдарымен ұштастыруы жалпыға ортақтықты аңғартады. Классикалық әдебиет пен жаңа бағыттағы еңбектерді салыстыру да әдебиеттану іргесінің кеңіп, құлашын алысқа жайғандығын көрсетеді.

Сонымен, еңбекте қарастырылған теориялық-тәжірибелік мәселелерді жүйелейтін болсақ, біріншіден, әдебиеттану ғылымы мен әдебиет теориясының қазіргі даму бағыттарын сараланған. Екіншіден, әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы тың теориялық, философиялық, эстетикалық мәселелері

айшықталған. Үшіншіден, оқулықта рет-ретімен баяндалған әдебиет теориясы дамуындағы түрлі кезеңдер жүйелі талданған.

Расында, біз өз әдебиетіміздің тарихына енді үңіле бастадық. Өйткені, әлем әдебиетіндегі тың зерттеулер арқылы халқымыздың тарихы мен танымын, мәдениеті мен тілін зерделеуге тағы бір мүмкіндік туды. Болмысызды өзге әдебиеттен іздемейтініз анық, бірақ әлемдік өркениет көшіне ұлттық болмысымызды сақтай отырып ілесудің алғышарты қалыптасты десек болады. Болашақта жас ғалымдарға кітаптағы терең мазмұнды философиялық ойларды отандық ғылыммен ұштастыра ой елегінен өткізу қажет-ақ. Жалпы, еңбек – отандық зерттеулерге үлкен бастама болмақ.

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Байтұрсынұлы, А.** Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер/ – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.
- 2 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 3 Әдебиет теориясы. Антология. Кіріспе. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 293 б.
- 4 Әдебиет теориясы: Антология. 1-том. – Алматы, 2019. – 568 б.
- 5 Әдебиет теориясы: Антология. 2-том. – Алматы, 2019. – 372 б.
- 6 Әдебиет теориясы: Антология. 3-том. – Алматы, 2019. – 440 б.
- 7 Әдебиет теориясы: Антология. 4-том. – Алматы, 2019. – 452 б.
- 8 **Нұрғалиев, Р. Н.** Толғауы тоқсан қызыл тіл. Зерттеулер. – Алматы : Үш қиян, 2009. – 304 б.
- 9 **Майтанов, Б.** Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер, мақалалар. – Алматы : Құс жолы, 2012. – 490 б.
- 10 **Майтанов, Б.** Әдебиет теориясының қазіргі жай-күйі. – Қазақ әдебиеті, №29, 20.07.2001.

### References

- 1 **Baitursynuly, A.** Ádebiet tanytqysh: zertteý men óleńder. [Baitursynuly, A. Literary critic: research and poems]. – Алматы : Atamura, 2003. – 208 p.
- 2 **Qabdolov, Z.** Sóz óneri. // Kabdolov, Z. The Art of the Word./ – Алматы : Kazakh University, 1992. – 352 p.
- 3 Ádebiet teoriasy. Antologia. Kirispe. [Theory of literature. Anthology. Introduction.] – Алматы, 2019. – 293 p.
- 4 Ádebiet teoriasy: Antologia. 1-tom. [Theory of literature: An anthology. Volume 1.] – Алматы, 2019. – 568 p.

- 5 Ádebiet teoriasy: Antologia. 2-tom. [Theory of literature: An anthology. Volume 2.] – Алматы, 2019. – 372 p.
- 6 Ádebiet teoriasy: Antologia. 3-tom. [Theory of literature: An anthology. Volume 3.] – Алматы, 2019. – 440 p.
- 7 Ádebiet teoriasy: Antologia. 4-tom. [Theory of literature: An anthology. Volume 4.] – Алматы, 2019. – 452 p.
- 8 **Nurǵaliev, R. N.** Tolǵaýy toqsan qyzyıl til. Zertteýler. [Push ninety red tongue. Researches]. – Алматы : Three Kiyans, 2009. – 304 p.
- 9 **Maitanov, B.** Táýelsizdik – kúres muraty: zertteýler, maqalalar. [Independence – the ideal of struggle]. – Алматы, 2012. – 490 p.
- 10 **Maitanov, B.** Ádebiet teoriасының қазіргі жай-күйі. [The current state of the theory of literature]. – Kazakh literature. – № 29. – 20.07.2001.

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

\*К. Т. Жанұзакова, Б. Г. Калдыбаева

Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

### ПРОБЛЕМЫ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ В ТРУДЕ «ТЕОРИЯ ЛИТЕРАТУРЫ. АНТОЛОГИЯ»

*В статье рассматриваются теоретические проблемы литературы в пятитомном сборнике «Теория литературы. Антология», изданная в рамках проекта «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», инициированная Президентом, «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке». Кроме того, прослеживаются тенденции развития литературоведческой науки за годы независимости. С момента обретения независимости изучаются достижения и направления казахской литературоведческой науки. «Теория литературы. Антология» рассматриваются современные теоретические, философские, эстетические проблемы литературоведения. Рассказывается о мировом литературном процессе и современных новых теориях в мировой литературе второй половины XX века и характере ее изучения с современных позиций. Рассматриваются мировые изменения в характере традиционных, классических, эстетических взглядов. Анализируются различные пути осуществления литературных связей, сущность и значение, ориентиры и направления научных изысканий в области мирового*

литературоведения. Оценивается место статей зарубежных авторов, анализирующих мировую литературу с новой точки зрения в современном мировом литературоведении. В статье будут затронуты и направления развития теории современной мировой литературы в данном учебнике. Широко формулируется насколько эти направления получили свое распространение в казахской литературе.

*Ключевые слова:* литературоведение за годы независимости, теория литературы, тенденции развития, направления и течения, литературный процесс.

K. T. Zhanuzakova, B. G. Kaldybayeva  
Kazakh National Women's Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.  
Material received on 08.09.21.

#### PROBLEMS OF LITERARY CRITICISM IN THE WORK «THEORY OF LITERATURE. ANTHOLOGY»

The article considers «Theory of Literature» in five volumes, published in the framework of the project «Bolashakka bagdar: Rukhani zhangyru», initiated by the President, «New humanitarian education. 100 new textbooks in the Kazakh language». In addition, trends in the development of literary science over the years of independence are traced. Since gaining independence, the achievements and trends of the Kazakh literary science have been studied. «Theory of literature. Anthology» examines modern theoretical, philosophical, and aesthetic problems of literary criticism. It tells about the world literary process and modern new theories in the world literature of the second half of the twentieth century and the nature of its study from a modern perspective. World changes in the character of traditional, classical, and aesthetic views are considered. The place of articles by foreign authors analyzing world literature from a new point of view in modern world literary studies is evaluated. The article will also touch upon the development of the theory of modern world literature in this textbook. It is widely formulated to what extent these trends have become widespread in the Kazakh literature.

*Keywords:* literary studies over the years of independence, theory of literature, development trends, trends, literary process.

FTAMP 16.31.02

<https://doi.org/10.48081/RCOP5989>

**\*С. А. Жиренов, А. С. Сманова, Қ. М. Бекболатова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

#### ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ

Мақалада қазақтың ұлттық мәдениетінің көрсеткіші саналатын ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің болмыс-бітімі, мағыналық-мазмұнының тіл арқылы таңбаланып, тіл арқылы мәдени-танымдық семантикасының ашылатындығы жаңа лингвистикалық бағыттардың негізінде қарастырылады. Осымен байланысты ұлттық болмыс пен мәдени-танымды бойына сіңірген ұлттық өнер туындыларының дүние сырын бейнелейтін этнографиялық мазмұнына ерекше назар аударылады. Зерттеу материалында қазіргі ұлттық қолөнердегі лингвомәдени элементтердің ұлттық нақыштағы берілуінің лингвистикалық түсіндірмесі жасалып, антропологистикалық бағыт аясындағы этностың өзіндік болмысы мен бейнесін «тіл әлемі» арқылы ғана танытатын лингвомәдени талдау жұмыстары теориялық және практикалық тұрғыда жасалған. Ұлт мәдениетінің көрсеткіші ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің мазмұнын дәйектейтін этнолексикалық бірліктердің мағыналық-мазмұнына терең үңілу олардың мәдени-танымдық деректер ретінде семантикасы көрсетіледі. Жұмыстың қорытынды бөлімінде, тіл мен мәдениеттің, материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығы, ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің салт-дәстүрдегі, дүниетанымдағы көрінісі лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық талдаулар арқылы сараланып, лингвомәдени бірліктердің этнографиялық негіздері, уәжді белгілері сараланады.

*Кілтті сөздер:* этнос, тіл, ұлттық өнер, этнография, этнолексика, лингвомәдени бірлік, мәдениет, т.б.

### Кіріспе

Бүгінгі таңдағы ұлттық колөнерді зерттеу мәселесі өнертанушылардың, этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың, саяхатшылардың, мәдениеттанушылардың, коллекционерлердің ғана жұмысы емес, жалпы өнер туындысына құштар, эстетикалық әлемді тани білетін зерттеушілердің де назарынан тыс қалған емес. Өнер – этностың рухани және материалдық мәдениетінің көрсеткіші саналады. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық өнердің орны әр кезде құнды да бағалы. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық өнерді зерттеу мәселесі арысы батыс еуропалық, берісі орыс зерттеушілерімен қатар, отандық ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі аспектіде қарастырыла бастады. Онда негізінен қазақ ұлттық өнерінің түрлері, шығармашылық табиғаты, дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері аралуан еңбектерде көрініс тапты.

Қазақ мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық өнердің қызметі мен оның әлеуметтік мазмұны жоғары. Ұлттық өнердің қоғамдағы орны мен рөлін айқындау бүгінгі күндері арнайы зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірінен саналады. Осы жағынан келгенде қазіргі заманауи ұлттық колөнердегі лингвомәдени бірліктерді этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік аспектілерде қарау арқылы, өнердің көркемдік қуатын, эстетикалық қызметін, тұрмыстық қажеттілігін, тілдік қолданыстағы мазмұнын прагмалингвистикалық сипаты арқылы көрсетуге болады.

Қазақтың ұлттық қолөнеріне қатысты зерттеулер Ә. Марғұланның, Т. Бәсеновтің, С. Қасиманов, Б. Сарыбаев, Д. Шоқпаров, О. Бейсенбекұлы, Қ. Ахметжанов, Ә. Тәжімұратов, Х. Арғынбаев, Ө. Жәнібеков, С. Мұқанов, М. Мұқанов, Ә. Ысқаққызы, А. Құралұлы, Б. Кәмалашұлы, А. Нәлібаев, т.б. этнографтар мен өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде аралуан аспектіде қарастырылса, лингвистикалық сипаты Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Р. Шойбеков, А. Тұрышев, А. Оқа, Ә. Алмауытова, А. Сейілхан, Ш. Елемесова, А. Мұқатаева, Қ. Қайырбаева, М. Ш. Өмірбекова, Т. Б. Жаубасованың, А. А. Әлімжанова, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде біршама қарастырылған.

**Зерттеу нысаны.** Қазіргі заманауи ұлттық колөнердегі лингвомәдени бірліктердің мәдени-танымдық семантикасы мен мағыналық мазмұнын ашу.

**Зерттеудің пәні.** Лингвомәдениеттану, этнолингвистика, өнертану.

**Зерттеудің мақсаты.** Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі және заманауи ұлттық колөнер туындылары табиғатындағы материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени бірліктердің танымдық семантикасы мен мағыналық-мазмұнын көрсету. Қазақ ұлттық қолөнеріндегі лингвомәдени бірліктерге қатысты ұғым-түсініктердің этнолингвистикалық табиғатын, олардың тілдік жүйедегі орнын, ұлттық колөнер туындыларының болмыс-бітімін лингвомәдени жүйе негізінде анықтау.

### Зерттеудің міндеттері.

– қазіргі ұлттық колөнерге қатысты лингвомәдени бірліктердің зерттелу тарихы мен қазіргі бағыт-бағдарына шолу жасау;

– ұлттық колөнерге қатысты лингвомәдени бірліктердің мәдени-танымдық семантикасын, тақырыптық топтарына этнолингвистикалық түсінік беру;

– ұлттық колөнер туындыларының тұрмыстық және рухани мәдениеттегі орны мен этномәдени уәждерін, лингвомәдени жүйесін тілдік деректер негізінде айқындау.

**Зерттеудің әдістері.** Қазіргі ұлттық колөнердегі лингвомәдени бірліктердің мәдени-танымдық семантикасы лингвистикалық аспектіде талдау барысында, сұрыптау, жүйелеу, лингвомәдени талдау тәсілдері, атаулардың мағыналық өрісін анықтауда лексика-семантикалық талдау, диахронды-синхронды сипаттама, этнолингвистикалық талдау әдістері қолданылды.

**Зерттеудің нәтижелері.** Этнос болмысы мен дүниетанымын тек тілдік деректермен ғана емес, ұлт мәдениетінің көрсеткіші ұлттық колөнерінің түрлері мен болмысынан да анықтауға болады. Яғни, экстралингвистикалық факторлар колөнер туындылары рухани және материалдық құндылықтар арқылы да этностың мәдениетін, дүниетанымын, этнографиясын, тұрмыс-тіршілігін көрсетуге болады. Этнос мәдениетіне тән ұлттық колөнер үлгілері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, күні бүгінге дейін өзінің құндылығы мен маңызын жоғалтқан емес. Бүгінгі таңдағы қазақ ұлттық колөнерінің қандай да бір түрі болмасын технократизмнің қарыштап дамығанына қарамастан, заманауи үлгіде жаңа түрде даму үстінде. Біз қазіргі ұлттық өнердің заманауи үлгілерін колөнерден, зергерлік өнерден, сәндік қолданбалы өнердің жаңашыл дизайндарынан байқауымызға болады.

Ұлттық мәдениеттегі өнердің өлмеуіне, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына, мыңжылдықтардың сабақтастығының сақталуына өнерпаздардың орны ерекше. «Ұлттық мәдениетіміздің тарихында ұсталық, зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнері (өйткені көп жағдайда зергерлер - бірнеше өнерді қатар меңгерген, әмбебап шеберлер, бесасап адамдар) халқымыздың өткен дәуірлердегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді» [1, 14 б.]. Ұлттық өнердің үлгілері өнерпаздардың, ұсталардың, зергерлердің, ісмерлердің туындылары арқылы бүгінге жетіп, ұлттық мәдениеттің сақталуына өзіндік ықпал етуде. Ұлттық өнердің ұлық болмысын көрсетудің бірден-бір тетігі ретінде тілдік мүмкіндікті, тілдің танымдық және өміршеңдік қызметінен көруге болады. Ұлттық өнердің ұлық болмысы тілде сақталып, тіл арқылы бүгіндей болмысы көрсетіледі.

Тілде сақталған көптеген ұлттық өнер түрлері атауларының астарында этнографиялық мән, лингвомәдени мазмұн жататындығы белгілі. Мәселен қазіргі уақыттағы заманауи ұлттық қолөнердің әралуан түрлері мен атаулары арқылы ұлт мәдениетін тануға болады. Қазіргі заманауи ұлттық өнердің үлгілерін қолөнер бұйымдарынан, зергерлік туындылардан, киім-кешек түрлерінен көптеп кездестіруге болады. Кез келген ұлттық өнердің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа табысталады. Яғни, ұлттық өнер туындыларының табиғатында «ұлттық рухтың» элементі сақталады. Біз осы шағын зерттеу мақаламызда қазіргі ұлттық қолөнер туындыларындағы ұлттық элементтің тіл арқылы таңбаланған үлгілерінің лингвомәдени мазмұнына қысқаша сипаттама жасауды жөн көрдік.

Қазақтың ұлттық мәдениетінде қолөнер үлгілері кең тараған. Ұлттық «қолөнердің түрлері – қазақ топырағында дүниеге келген, ұлттық ерекшелікті бойына сақтаған нағыз қазақы, байырғы өнер. Халық арасынан шыққан шеберлер өз жеріміздің табиғи байлығын өңдеуді игеріп, оларды тиімді пайдалана отырып теріден, ағаштан, сүйектен, мүйізден, тас пен құмнан, саздан, темірден шаруашылық және тұрмыстық құрал-жабдықтарын, сонымен бірге оларды асыл тастармен, алтынмен, күміспен әшекейлеуді және асыл металдар мен тастардың өзінен зергерлік әшекейлер жасауды жоғары дәрежеде меңгеріп, көпшіліктің сұранысын, шаруашылық, тұрмыстық қажетін қанағаттандырып отырған. Өнер иелері тапсырыспен жұмыс істеген. Сондықтан алыс шетелдерден әкелінген заттар күнделікті тұрмыста сирек кездескен» [1, 10 б.]. Қазақтың ұлттық қолөнер туындылары тұрмыстық мәдениеттегі заттық дерек, материалдық туынды ғана емес, тілдік дерек, рухани мұра саналады. Тұрмыстық мәдениетте жиі тұтынатын қолөнер туындыларына: *көз моншақ, үкіаяқ, жыланбас, сәукеле, жыға, көзотаға, шоқ белбеу, алтын айдар, кісе белбеу, бау-басқұр, алаша, кілем, аяққап, кесте, астау, торсық, кесе, т.б.* қолөнер түрлері күні бүгінге дейін тұрмыстық қажеттілікті өтейтін ұлттық өнердің тамаша туындылары болып табылады.

Бүгінгі таңдағы заманауи ұлттық өнер туындылары ертедегі тұрмыстық қажеттіліктегі қызметін күні бүгінге дейін атқарып келе жатса, енді біреулері сувинерлік мәнге ауысып экзотикалық түрге енгендігі де белгілі. Күнделікті тұрмыстық өмірде *көз моншақ, сәукеле, жыға, шоқ белбеу, алтын айдар, кісе белбеу, алаша, кілем, аяққап, кесте, астау, кесе, т.б.* түрлері заманауи үлгіде технологиялық өңдеуден өтіп, жаңа дизайнмен әдіптеліп, тұрмыстық қолданыста қажеттілікті өтеп жүр.

Бүгінгі тұрмыстық өмірдегі *көз моншақ, үкі аяқ* немесе *үкі қауырсыны* этнос мәдениеті мен дүниетанымында адам баласын сыртқы күштерден, тіл-көзден, қауіп-қатерден сақтайтын тұмар секілді қызмет атқарады. Ерте заманда

да, бүгінгі күні де *көз моншақ, үкі аяқ, үкі қауырсыны* жас балалардың бас киіміне, кейде үлкен кісілердің өңіріне, домбыраға, бәйге атына, қыран бүркітке, автокөліктің салонына тағу үрдісі қалыптасқан. Бүгінгі таңдағы *көз моншақ, үкі аяқ, үкі қауырсыны* мәдени тұрғыдан екі түрлі қызмет атқаратындығын байқауға болады. Оның біріншісі, әлбетте ықпал замандардан бері келе жатқан «сыртқы күштерден қорғау» (*тілі жаманның тілінен, көзі жаманның көзінен, сұқ көздің сұғынан, көз тиюден, сөз тиюден, бәле-жаладан, т.б.*) қызметін атқарса, екіншісі, көркемдікті паш ету, эстетикалық әсер ету, сәндік мақсатта әртүрлі заманауи дизайндық үлгіде қызмет атқарып жүр. Мұндай қолөнер туындыларын заттық мәдениет ретінде ғана қабылдап қоюға болмайды, сол заттың яки символдың астарында этностың мәдени танымдық кодының бұғып жатқандығын байқауға болады. Ал сол заттық мәдениеттің астарындағы кодын тіл арқылы ашып, лингвомәдени мәнін мазмұндап, тіл арқылы түсінігін тарқатып, қызметін көрсетіп беруге болады. Мәселен *көз моншақты* көп жағдайда жас балаларға тағады. Өйткені жас баланың сырт көзді, жағымсыз энергияны қайтаратын иммунитеті әлі қалыптаспағандықтан, *көз моншақ* сол жаман энергияны тарқатушы қызмет атқарады. *Көз моншақты* егде тартқан үлкен адамдар тақпайды. Ал бұл дегеніміз *көз моншақты* тағу жас ерекшелікті білдіретін қызметті де атқаратындығын көрсетеді. *Көз моншақ* таққан балаға ел ішіндегі есті жұрт «көзім өтіп кетпесін деп» көзін қадам, тіке қарамаған. Бар болғаны «атасының жаман баласы» деп, ескерусіз коннотаттық мәндегі сөзді қолданған. Мұндай үрдісті тілдегі лингвомәдени бірліктердің дискурстық қолданысынан, прагматикалық мәнінен, этномәдени қызметінен көруге болады. Сол секілді *үкі аяқ немесе үкі қауырсынын тағу* үрдісі де жас балаларға, ел алдына шығып өнер көрсететін өнерпаздарға, көзге бірден түсетін қыран бүркіт, жүйрік ат, домбыра, автокөлікке тағу мәдениетінің астарында сыртқы жағымсыз энергиядан қорғану түсінігімен бірге, сәндік, әшекейлік қызметті қатар атқарады.

«Қазақтың ұлттық киімдерінің қай түрін алсақ та, оның өн бойында өзіне ғана тән эстетикалық, этикалық талғамы мен рухани ерекшеліктері көрініс тапқан. Сондай-ақ сәні мен салтанаты жарасқан ұлттық киімдеріміздегі эстетикалық мәнділікті мынадай тілдік және этнографиялық деректерімізден көре аламыз. Қазақ әйелдері бас киімінің ішінде ең көріктісі де, ең ежелгілерінің бірі, көп әшекейлі, қымбат бағалы, қалыңдық киімінің салтанаттығы болып табылатын – сәукеле. Сәукеленің өн бойына зергерлік әшекейлер мен асыл тастар қадағанда, тіл көзден сақтау үшін, ал, өте биік бас киім - қыз мәртебесін асқақтатып, қазақтардың дүниетанымының жоғары екенін танытқан» [2, 71–72 б.]. «Бұдан екі үш мыңжыл бұрын жасалса бастаған сәукелені той салтанаты кезінде тек қалыңдық, жас келіншектер ғана киген. Сол секілді *жыға, көзотаға, шоқ белбеу, алтын айдар т.б.* деп аталатын

әшекейлер мен бұйымдар адамдардың әлеуметтік жіктелісін, байлықты, батырлықты, билікті білдірсе, белбеулер (мысалы кісе белбеу), негізінде, иесінің жолаушы яки аңшы, батыр екендігіне меңзеген» [1, 17–18 б.]. Сонымен «сәукеле – ұзатылатын қыз-қалыңдық қана киетін ғұрыптық бас киім. Оның сом күмістен құйылған төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Өне-бойы алтын, күміс сияқты қымбат металдармен өрнектеліп, ақық, маржан, гауһар сияқты асыл тастармен безендіріледі. Екі шекесіне моншақтан салпыншақ өріледі, төбесінен жерге дейін төгілген ақ желек жабылады. Сәукелені ұзатылатын қызға арнап шеберлерге дайындаттырады. Оның бағасы өте қымбат, мәселен, жүз жылқыға дейін барабар болған. Сәукелені қалыңдық ұзатылған күннен бастап бір жылға дейін ғана киеді» [3]. Этнос мәдениетіндегі киім кию үлгілерінің өзіндік үлкен мәдени мәні жоғары, мазмұны сырға толы бірлік саналады. Киім тігу бұрында үлкен өнер саналса, бүгінде сол мәнділігін күшейтіп, заманауи үлгідегі ұлттық дизайнерлермен көмкеріліп, тұрмыстық мәдениетте әртүрлі дәрежеде қолданыста жүр.

Қазақ ұлттық өнерінің туындылары қандайда болмасын заттық атауға ие. Ал сол заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сол заттың бүтіндей лингвомәдени болмысын танытады. Ал тілдегі тану, яки танытудың ар жағында белгілі бір этностың мәдениетін, дүниетанымын, өнерін, тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі заттық мәдениет атауларын зерттеген ғалым Ж.Манкеева: «Заттық мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық негізіне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде, кумулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары» деген түйін жасайды. Яғни, тұрмыстық мәдениеттегі қолданыста жүрген заттың қай-қайсысының болмасын өзіндік лингвомәдени мәнінің болатындығын көрсетеді [4, 13 б.].

Қазақ халқының ұлттық қолөнеріне тән қалыптасқан, салт-дәстүрлер мен жол-жоралғылар, тілдік деректер, мифологиялық түсініктер тілде көптеп сақталған. Мәселен, тері, жүн, мата сияқты материалдардан жасалатын тұрмыстық яки сәндік бұйым түрлері көп кездеседі. Теріден жасалған бұйым атаулары: *тулақ, кебежеқап, тізеқап, тайтері, бөстек, көрпе, жержастық, тайжақы, тон, ішік, шалбар, желетке, кеудеше, жеңсе, алишалғы, тымақ, құлақшын, бөрік, алдаспан бауы, айыл, ноқта, жүген, адырна, бау, баулық, белдік, божы, желдік, желкелік, тебінгі, т.б.* қолөнер туындылары теріден жасалып, табиғи материал ретінде кеңінен қолданылған. Алайда аталған бұйымдардың барлығы бүгінге тұрмыстық өмірде қолданыста бар деп айтуға келмейді. Олардың бірсыпырасы тілдік дерек ретінде сақталғанымен,

өндірісте өнім ретінде пайдаланылмайды. Әрине оның себебі бұрынғы тұрмыстық өмірмен, қазіргі тұрмыстық қажеттіліктердің үлкен өзгеріске түскенімен байланыстыруға болады. Жоғарыда көрсетілген мысалдардың бәріне толықтай лингвомәдени түсініктеме беру бір мақаланың көлемі көтермесі белгілі. Алайда тілдегі «*Ер арыса аруақ, ат арыса тулақ*» деген паремия құрамындағы «**Тулақ** деп тайдың терісін шикідей керіп кептірген төсенішті айтады. Сондықтан оны тайтері деп те атай береді. Терінің майын алған соң, оны тегіс жерге, тақтайға керіп, шегелеп тастайды. Көлеңкеде кептіріп алған соң оның үстіне **бөстек, көрпе, жержастық** аталатын бұйымдарды салып, төсеніш ретінде пайдаланады» [5, 8 б.]. Ал бұл күндері аталған бұйымдар тұрмыстық өмірде кездесе бермейді. Жоғарыдағы паремияның астарындағы тулақтың негізгі атауы төсеніш болса, аттың арыса тулаққа айналуы, басқа түскен бейнет, ауыр азап, өтпелі өмір, баянсыз тірлік ерді – аруаққа, атты – тулаққа айналдыратындығын көрсетеді.

Қазақтың ұлттық қолөнерінің біріне тоқымашылық өнерді жатқызамыз. Тілдегі тоқыма бұйым атауларына: *алаша, құр, шекпен, кілем, басқұр, құр белбеу, құр дорба, құр басжіп, құр аяққап, құр қоржын, құр алаша, т.б.* түрлерін жатқызуға болады. Тоқыма өнері ел ішінде үзілмей, күні бүгінге дейін дәстүрлі жолын сақтап келе жатқандығын байқауға болады. Мәселен тоқыма өнеріне қатысты көптеген көрмелер, көптеген көрсетілімдер мен этнодизайнмен әдіптелген бұйымдардың қолданыста жүргендігінен көруге болады. Тоқыма бұйымдардың ішіндегі айтулысы шекпен десек, шекпеннің өзінің *түйе жүн шекпен, биязы шекпен, таңдай шекпен, қой жүні шекпен, шидем шекпен, су шекпен, бояулы шекпен, шым шекпен, түбіт шекпен, ала шекпен, ақ шекпен, әр шекпен, т.б.* деген көптеген түрлері ел ішінде кең тараған. «**Шекпен** – жүннен тоқылатын сырт киім. Шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Күзеп алынған түйе жүнін шаң-тозаңынан арылтып, одан соң қолмен майдалан түтеді де, шүйке жасайды. Шүйкеленген жүнді ұршықпен иіреді. Шекпен тоқитын жіп өте жіңішке болады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп қайта өңдейді. Шекпен де терме бау тоқитын өрмекпен тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан киім пішкендей етіп өлшеп, шекпен пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек жеңін сондай матамен көмкеріп әдіптейді. Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқылған шекпен де әдемі болып шығады. Шекпен су өткізбейді. Сондықтан ол әрі сулық, әрі жайшылықта кие беруге жарамды бес аспап киім. Су тиген сайын шекпен ширғын қалындай түседі. Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылатындықтан

аса мықты болады, ұзақ киіледі» [6]. Шекпен этнос мәдениетіндегі материалдық құндылықты, әлеуметтік ерекшелікті, дәстүрлі мәдениетті көрсетеді. Ал мұндай ерекшеліктерді шекпенге қатысты қалыптасқан «Шенді-шекпен», «Шекпен (шапан) жабу», «Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейтіп орыстың шенді шекпен жапқанға» (Абай), «Күні киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын» (Мұқағали) деген тілдік деректерден көруге болады. Шекпеннің бүгінгі таңда заманауи үлгіде тігіліп, тұрмыстық өмірде, салт-дәстүрде, театр және кино саласында, жол-жоралғыда, жаңаша қолданыста жүргендігін күнделікті өмірде жиі кездестіруге болады.

### Қорытынды

Жалпы қазақ мәдениетіндегі ұлттық қолөнер туындыларының түрлері қаншалықты көп болса, соншалықты деңгейде, әралуан аспектіде зерттеліп, көптеген ойға арқау болып, алуан түрлі қорытындылар мен тұжырымдарға таяныш болғандығын байқауға болады. Қазақ тіліндегі ұлттық қолөнер туындыларына қатысты лингвомәдени бірліктер күрделі категория болғандықтан оларды лингвистикалық аспектіде зерттеу жеткіліксіз. Себебі қолөнер туындылары әралуан экстралингвистикалық факторлармен сабақтасып, этноқауымдастық өкілінің санасында халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін, этнологиясын, шаруашылығын, дүниетанымын, өндірістік әлеуеті туралы ақпараттар жинақталған дүниелік білімдер жүйесін құрайды.

Тұрмыстық өмірдегі қоғамның, ұлттық қолөнер түрлерінің дамуымен қатар тілдік жүйенің дамуы табиғи құбылыс. Қоғамдық өмір мен өндірістегі болып жатқан заманауи өзгерістер тілде өзіндік үлгіде таңбаланып, лингвомәдени үлгіде өзіндік із қалдырары сөзсіз. Осыған байланысты ұлттық өнердегі лингвомәдени бірліктер әрқашан зерттеушілер назарын өзіне аударып, дәстүрлі өнер туындылары заманауи үлгіде өңделген сайын, тілдік семантикалық мазмұнының да байып, жаңа мәдени мәнділікке ие болары анық. Этностың дәстүрлі және заманауи қолөнеріне қатысты лингвомәдени бірліктердің мазмұнына зер салып қарағанда, олардың мәдени-танымдық астарында этностың бүтіндей тұрмыстық мәдениетінің болмысы, дүниетанымы, этнологиясы, өнері, өндірісі, өнімінің ұлттық ерекшелігі тіл арқылы таңбаланып, «тіл мен мәдениеттің біртұтастығына» негізделген әлем бейнесін көруге болады.

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Шойбеков, Р. Н.** Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. Филол.ғыл.док. ... дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2006. – 308 б.
- 2 **Алмауытова, Ә. Б.** Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Филол.ғыл.канд. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2004. – 130 б.
- 3 <https://bilim-all.kz/> [Электронды ресурсы].
- 4 **Манкеева, Ж. А.** Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы : Ғылым, 1997. – 272 б.
- 5 **Әлімжанова, А. А.** Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Автореферат. филол. ғыл. канд., – Алматы, 2008. – 38 б.
- 6 <https://kk.wikipedia.org/> [Электронды ресурсы].
- 7 **Арғынбаев, Х.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Өнер, 1987. – 128 б.
- 8 **Қасиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Қазақстан, 1969. – 248 б.
- 9 **Жанпейісов, Е.** Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауезова). – Алма-Ата : Наука, 1989. – 256 с.
- 10 **Уәлиұлы, Н.** Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2000. – № 1.

### References

- 1 **Shoibekov, R. N.** Kazak tilinin koloner leksikasy. [Craft vocabulary of the Kazakh language] Filol.gyl.dok. ... diss. koljazybasy [Ph.D. ... diss. manuscript]. – Almaty, 2006. – 308 p. [in Kazakh].
- 2 **Almaytova, A. B.** Kazak tilindegi kiim ataylarynyn etnolingvistikalyy tabigaty [Ethnolinguistic nature of clothing names in the Kazakh language]. Filol. gyl.kand. diss. koljazybasy. [Candidate of Philological Sciences diss. manuscript]. – Almaty, 2004. – 130 p. [in Kazakh].
- 3 <https://bilim-all.kz/> [Electronic resource].
- 4 **Mankeeva, J. A.** Madeni leksikanyn ulattyk sipaty [National character of cultural vocabulary]. – Almaty : Gylm, 1997. – 272 p. [in Kazakh].
- 5 **Alimjanova, A. A.** Kazak tilindegi aiel kolonerine bailanysty halyktyk leksikanyn etnolingvistikalyyk sipaty [Ethnolinguistic character of folk vocabulary related to women's crafts in the Kazakh language]. Aftoreferat. filol. gyl. kand. [Author's abstract. philol. science cand.]. – Almaty, 2008. – 38 p. [in Kazakh].
- 6 <https://kk.wikipedia.org/> [Electronic resource].

7 **Argynbaev, H.** Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people]. – Almaty : Oner, 1987. – 128 p. [in Kazakh].

8 **Kasimanov, S.** Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people]. – Almaty : Kazakstan, 1969. – 248 p. [in Kazakh].

9 **Janpeisov, E.** Etnokulturnaya leksika kazahskogo yazyka (na materialah proizvedeni M. Auezova) [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language (on the materials of M. Auezov's works)]. – Alma-Ata : Nayka, 1989. [in Russian].

10 **Yaliuly, N.** Keibir etnografizmderdin leksika-semantikalyk aiasy // Ult tagylymy [Lexical and semantic framework of some ethnographies//Ult tagylymy]. – Almaty, 2000. – № 1 [in Kazakh].

Материал 08.09.21.

\*С. А. Жиренов, А. С. Сманова, Қ. М. Бекболатова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

### СЕМАНТИКА ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫХ ЕДИНИЦ В СОВРЕМЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

«Біріншіден, барлық сөздер, күллі сөз таптары тілдің сөздік құрамына енеді. Қай сөз табына енсе де, сөздердің лексикалық жағы ескерілуге тиіс. Ал, сөздердің лексикалық жағын ескеру деген сөз – олардың семантикалық жақтарын еске алу дегенмен бірдей. Олай болса, әрбір сөз табына енетін сөздер лексикалық тұрғыдан қаралып талдануы қажет» [3, 75].

2 Морфологиялық құрылымды зерттеуді жеке сөзді оқшау алынбайды. Сөз немесе морфема басқа сөздермен, морфемалармен байланыстырыла, сабақтаса алынады.

3 Морфологиялық құрылымды зерттеуде сөзді тілдегі грамматикалық құрылымының бөлшегі ретінде қарастырады. Бұл ортақ морфологиялық белгілерді анықтаудағы ортақ лексика-грамматикалық заңдылықтар арқылы көрінеді. Грамматикалық тәсіл арқылы сөз тудыру, сөзді түрлендіріп өзгерту, сөз бен сөзді байланыстыру қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі қалыптасқан, ғасырлар бойы дағдылы қолданыс жүйеленген құбылыс ретіндегі сипаттары да назарға алынады.

Тілдегі қоғамдық-әлеуметтік, мәдени өзгерістер тек лексикаға ғана әсер етіп қоймайды. Бұл морфологиялық категорияларға да ықпалын жасайды. Сол арқылы жеке сөздердің өзгеріп, түрленеді жаңа жалпы грамматикалық мағыналар туады. Осы өзгерістерді біз қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерден анық байқаймыз.

Қазақ және түрік тілдерінің антропонимикасында ортақтықты ежелгі түркілік кезең материалдарымен дәлелдей аламыз. Бұл кезеңдегі адам аттарының қолданысында түбір сөзден, туынды сөзден және күрделі сөзден тұратын құрылымдар да көп.

Көне түркі тілінде де түбір негізді, туынды жалқы есімдер, және күрделі жалқы есімдер бар. Түбір негізді кісі аттары: Анар, Эсин, Ұмач, Бөрі, Ола, Бұқа, Чор, Тонг, Баз, Күш т.б. Туынды жалқы есімдер: Шуваш, Тұран, Қапаған, Толаш, Уграш, Тоғырыл т.б. Күрделі жалқы есімдер: Күлтегін, Тонықөк, Алпамыс, Алып Ер Тоңға, Алтуған, Учін Күлік, Тоқ Боды, Ынаншы Күлік т.б. есімдері дәлел бола алады.

Ғ. Айдаров Тонықөк, Ілтеріс, Қапаған аттарын біріккен сөздер деп, ал Білге қаған, Инел қаған, Бөгі қағанды күрделі сөздер деп береді [4, 57].

Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің жасалуында бек, бей (бай), би сөздерінің күрделі сөз құрамындағы бір сыңары болып келіп, күрделі құрылым жасау тәсілі бүгінге дейін өнімді тәсілдердің бірі. Сонымен бірге қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерді жасаудағы сөз таптарының үлесі де көне түркілік кезеңнен желісін үзбей келеді.

Адам аттарын жасауда зат есімдер, сын есімдер, етістік сөз таптары жиі қатысады. Қазіргі қазақ тіліндегі Бесбай, Алтыбай, Алпысбай, Тоқсанбай, Жүзбай т.б. кісі аттары құрамындағы сан есімдердің лексикалық мағынасы ата-ананың ұрпағының көбеюін тілеген, сонымен бірге кейбір сандарды қасиетті деп санаған таным-түсіктері әлі де жалғасып келеді. Т. Жанұзақов венгер ғалымы Л. Рашоньидің ономастика жөніндегі зерттеулері туралы мақаласында Л. Рашоньидің 1-ден бастап 15-ке дейін 20-дан 100 және 1000, 10000 сандарын қатыстырып жасалған көне түркі тілінде кісі аттарын келтіретінін айтады [5, 140].

Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын анықтау арқылы тілдің тарихи өзгерістерін ғана емес, тектік сипаттарына

қатысты пікірлерді жаңғыртамыз. Соның бірі – ман қосымшасына қатысты пікірді ғалым М. Томанов Севортян сөздігіне сүйене отырып келтіреді [6, 273].

Тілдегі антропонимдердің ерекшелігі – ол түбір морфема қай сөз табынан болуына қарамастан, зат есімнің лексика-грамматикалық қасиеттерін алады. Зат есім сияқты түрленеді: септеледі, тәуелденеді, жіктеледі. Антропонимдердің морфологиялық белгілерінің келесі бір белгісі - көптік жалғауын қабылдамауы. Егер көптік жалғау жалғанса, жекелік мағына сақталмайды. Антропонимдерге Арысландар, Османдар, Киікбайлар, Алтындар болып мағына сол адам және оның қасындағылар, сонымен бірге тағы да басқалар деген семантикалық мағынаны үстейді.

Антропонимдер морфологияда жалқы есімдердің ішінде қарастырылады. Жалқы есімдерге тек кісі аттары ғана емес, географиялық атаулар да кіреді. Географиялық атаулар мен жалқы есімдердің грамматикалық қызметтерінде ұқсастықтар да, ерекшеліктер де бар. Бірақ оларды біріктіретін – басты белгі мағыналық жақындықтары.

Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров еңбектерінде көне түркі есімдеріндегі кісі аттарының жасалу заңдылықтары мен қазіргі тілдегі ұқсастыққа кішірейту, еркелету мәніндегі -ш, -қан, -жан, -тай (қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің реңк мәнді жұрнақтары) жұрнақтардың қызметіне талдау жасау кезінде атап өтеді. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі сөз таптарының көпшілігіне тән морфологиялық түрлену, морфологиялық тәсілмен (синтетикалық) жұрнақтардың жалғануы тілдің барлық тарихи кезеңдеріне тән [7, 338].

Жалқы есімдердің өзге топтарынан кісі аттарының ерекшеленетін тағы бір айырмашылығы – адам аттарына тән рең категориясы. Кісі аттары кальптағыша атау күйінде қолданылумен қатар, сыйлау, құрметтеу, еркелету, кішірейту мәнін білдіру үшін, атау формасына арнаулы қосымша жалғанып та жұмсалады. Мысалы: Сәбден, Қали деген аттарды құрметтегенде, сыйлағанда я үлкен тұтып атағанда, Сәбе, Қалеке деп атауға болады да, Әли, Сәуле деген аттарды еркелете, кішірейте сөйлегенде, Әлкен, Сәулеш деп атауға болады» [3, 140].

Тіл – әр кезеңдердегі тарихи, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайлардың көріністерін бойына да жинайтын даму үстіндегі құбылыс. Сол себепті де, қазіргі қазақ тіліндегі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын зерттеуде бірнеше тұстарға назар салу қажеттігі байқалады. Ғалымдар тілдегі кейбір кісі аттарын синтаксистік құрылым ретінде қарастырудың қажеттігін де ескертеді [8, 208]. Бұған дәлел ретінде Қ. Жұбановтың Айсұлу, Күнсұлу есімдеріне қатысты пікірін назарға алады [9, 108].

Түркі тілдеріндегі антропонимдерді қарастыруда олардың жалпы есімдік және жалқы есімдік белгілерінің мағыналық өзгешеліктері де

морфологиялық және дериватологиялық сипаттарының өзгерістерін жасайды [10, 171].

Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдерді зерттеу кезінде біз түбір сөзге, туынды сөзге және күрделі сөздерге тән грамматикалық белгілерді, сипаттарды, заңдылықтарды назарда ұстаймыз. Тілдегі күрделі сөздердің, соның ішінде біріккен сөздердің үлкен тобын құрайтын – антропонимдер.

Күрделі антропонимдер кем дегенде екі түбір морфемадан құралады. Әр түбір морфема өзінің дербестігін морфологиялық жағынан да, лексикалық мағына тұрғысынан да сақтайды. Ендеше бұл да қазақ және түрік тілдеріндегі тұтас жүйенің лексика-семантикалық және грамматикалық белгілерін анықтауды қажет етеді.

Антропонимдерді грамматикалық тұрғыдан зерттеу – тілдегі тұтас мәдени лингвожүйенің түпкі негізі – түбір морфеманың лексика-грамматикалық мағынасының тектік қалпынан ажырамауы, кісі аттарының пайда болу, жойылу заңдылықтарындағы тарихи-элеуметтік жағдайлардың себеп-салдарын анықтау арқылы оның грамматикалық құрылымынан сақтау сияқты қажетті талаптарды орындаудан туады.

#### Қорытынды

Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымын зерттеуде тілдегі тарихи грамматика және қазіргі тіл грамматикасының заңдары негізге алынады. Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимикадағы тілдік заңдылық сипаттарын бірнеше белгімен тиянақтауға болады.

1 Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақтық туыстас тілдердегі адам аттарының морфологиялық белгілері арқылы таным мен түсініктегі және тұтас түркілік болмыстағы бірлікті дәлелдейді.

2 Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің морфологиялық құрылымы лексика-семантикалық мағынаға тәуелді болады. Лексика-семантикалық мағына арқылы ғана жаңа морфологиялық екінші құрылым жасалады.

3 Антропонимдердің морфологиялық жағынан құрылымының өзгеруіне сөз таптарының лексикалық және грамматикалық белгісі негізгі мәнге ие болады.

#### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Жанұзақов, Т.** Очерк казахской ономастики. – Алматы : Ғылым, 1982. – 140 с.
- 2 **Жанұзақов, Т. Ж.** Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы : Ғылым, 1971. – 218 б. (Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау).
- 3 **Ысқақов, Ә.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Мектеп, 1994, – 418 б.

4 **Айдаров, Ф.** Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы : Рауан, 1995. – 153 б.

5 **Жанұзақов, Т.** Венгер ғалымының ономастика жөніндегі еңбектері // Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері жинағы. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1963. – 223 б.

6 **Томанов, М.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы – Павлодар, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 412 б.

7 **Мұсабаев, Ф.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Арыс, 2008. – 477 б.

8 **Ибатов, Ә.** Орта жазба мұраларының тілі // Кітапта: Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері – Алматы : Ғылым, 1989. – 256 б.

9 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. – 581 б.

10 **Шаяхметұлы, Қ.** Қазіргі қазақ тілі. (Сөзжасам – дериватология, сөзөзгерім – морфология). – Семей-Новосібір, Талер-Пресс, 2007. – 344 б.

#### References

- 1 **Janūzaqov, T.** Oчерk kazahskoi onomastiki –Almaty: Ğylym, 1982. – 140 s. [Essay on Kazakh onomastics]. – Almaty : Science, 1982. – 140 p.
- 2 **Janūzaqov, T. J.** Qazaq esimderiniñ tarihy. Almaty, Ğylym, 1971 – 218 b. (Lingvistikalıy және tarihi etnografialıy taldau). [History of Kazakh names. Almaty, Science, 1971 – 218 p. (Linguistic and historical ethnographic analysis).
- 3 **Ysqaqov Ä.** Qazirgi qazaq tılı – Almaty : Mektep, 1994, – 418 b. [Modern Kazakh language - Almaty: School, 1994, - 418 p.]
- 4 **Aidarov Ğ.** Orhon-Enisei және көне üiğyr jazba eskertkişteriniñ tılı [Aidarov G. Language of Orkhon-Yenisei and ancient Uyghur written monuments]. – Almaty : Rauan, 1995. – 153 p.
- 5 **Janūzaqov, T.** Venger ğalymınyñ onomastika jönindegi eñbekteri // Qazaq pen üiğyr til bilimı mäseleleri jınağy [Works of the Hungarian scientist on onomastics // Collection of problems of Kazakh and Uyghur linguistics]. – Almaty : Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1963. – 223 p.
- 6 **Tomanov, M.** Qazaq tiliniñ tarihi gramatikasy [Historical grammar of the Kazakh language] – Pavlodar, S. S. Toraihyrov Pavlodar State University, 2010. – 412 p.
- 7 **Musabaev, Ğ.** Qazaq til biliminiñ mäseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : Arys, 2008. – 477 p.
- 8 **Ibatov, Ä.** Oрта jazba muralarınıñ tili // Kitapta: Qazaq ädebı tiliniñ tarixi közderi – Almatı : Ğılım, 1989. – 256 b. [The language of secondary written

heritage // In the book: Historical sources of the Kazakh literary language]. – Almaty : Science, 1989. – 256 p.

9 **Jubanov, Q.** Qazaq tili jönindegi zerttewler [Research on the Kazakh language. – Almaty : Science, 1999. – 581 p.

10 **Şayaxmetuli, Q.** Qazirgi qazaq tili. (Sözjasam – derivatologiya, sözözgerim – morfologiya) [Modern Kazakh language. (Word formation – derivatology, word formation - morphology)]. – Semey-Novosibirsk, Thaler-Press, 2007. – 344 p.

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

\*М. С. Мнайдарова, Г. А. Сарсеке

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

## ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ МОРФОЛОГИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЫ АНТРОПОНИМОВ В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ

*Статья посвящена изучению антропонимики современных казахского и турецкого языков. Авторы дают основание полагать, что в изучении антропонимов в казахском языкознании большое внимание уделяется лексическим характеристикам. Лексическое значение, этимология, изучение названий человека в различных аспектах лингвокультурной системы взяты в качестве предпосылок для определения морфологических структур. Всестороннее рассмотрение лексико-семантического значения антропонимов обозначается как главное условие исследований. Родственные и единицы казахского и турецкого языков также требуют внимания к общим историческим периодам при изучении антропонимов. Поэтому при изучении антропонимов в казахском и турецком языках за основу берется система классификации, группировки на исторические периоды. При этом авторы считают необходимым исходить из классификации профессора Т. Жанузакова на исторические периоды. По лексическому значению в языке определяются морфологические признаки. Так как свойства морфологической структуры определяются исходя из значения конечного слова в языке, то и морфологические структуры раскрываются через лексические значения имен человека.*

*Одним из моментов, на которые обращают внимание авторы при изучении морфологических признаков антропонимов в современном казахском и турецком языках, является подчинение*

*языкового материала законам и правилам смысловой целостности. Это, в свою очередь, достигается за счет преемственности лексико-семантических характеристик имен людей с внутренними принципами грамматики. Сами морфологические закономерности в языке лежат в основе лексического значения. Авторы статьи по этой же причине дают основание полагать, что основная позиция в определении морфологического признака слова или классовой классификации слов – лексико-семантическая позиция. Авторы статьи отмечают, что при определении морфологической структуры имен человека, наряду с акцентом на морфемный состав антропонимов, необходимо рассматривать и функции слова как класса. История языка дает обширные данные о причастности классов слов к созданию антропонимов. Известно, что это помогает выявить закономерности морфологической структуры в современном языке. В морфологии имена человека должны быть определены для изучения морфологической структуры: местоимения, виды слов, функции в создании простого (односоставного), производного, сложного слова.*

*Определение морфологической структуры антропонимов в языке, в том числе антропонимов в казахском и турецком языках – доказательство родства языка, взаимной преемственности смысловых единиц. В этом контексте очевидно, что в исследовании об антропонимах актуальна необходимость определения морфологической структуры, проведения языкового анализа.*

*Ключевые слова: антропонимы, лексико-семантическое значение, морфологическая структура, казахский и турецкий языки, корень.*

\*М. S. Mnaidarova, G. A. Sarseke

L. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received 08.09.21.

## PROBLEMS OF STUDYING THE MORPHOLOGICAL STRUCTURE OF ANTHROPNYMS IN THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES

*The article is devoted to the study of the anthroponymy of modern Kazakh and Turkish languages. The authors give reason to believe that in the study of anthroponyms in Kazakh linguistics, much attention is paid to lexical characteristics. Lexical meaning, etymology, and the study of human names in various aspects of the linguistic and cultural system*

are taken as prerequisites for determining morphological structures. Comprehensive consideration of the lexical and semantic meaning of anthroponyms is designated as the main condition of research. Cognates and units of the Kazakh and Turkish languages also require attention to common historical periods when studying anthroponyms. Therefore, when studying anthroponyms in the Kazakh and Turkish languages, the system of classification and grouping for historical periods is taken as a basis. At the same time, the authors consider it necessary to proceed from the classification of Professor T. Zhanuzakov for historical periods. According to the lexical meaning in the language, morphological features are determined. Since the properties of the morphological structure are determined based on the meaning of the final word in the language, the morphological structures are revealed through the lexical meanings of human names. One of the points that the authors pay attention to when studying the morphological features of anthroponyms in the modern Kazakh and Turkish languages is the subordination of the language material to the laws and rules of semantic integrity. This, in turn, is achieved due to the continuity of the lexical and semantic characteristics of people's names with the internal principles of grammar. The morphological patterns in the language themselves are the basis of the lexical meaning. For the same reason, the authors of the article suggest that the main position in determining the morphological feature of a word or the class classification of words is the lexico-semantic position. The authors of the article note that when determining the morphological structure of human names, along with the emphasis on the morphemic composition of anthroponyms, it is necessary to consider the functions of the word as a class. The history of the language provides extensive data on the involvement of word classes in the creation of anthroponyms. It is known that this helps to identify patterns of morphological structure in the modern language. In morphology, human names must be defined to study the morphological structure: pronouns, types of words, functions in creating a simple (one-part), derivative, complex word.

*Keywords: anthroponyms, lexical and semantic meaning, morphological structure, Kazakh and Turkish languages, root.*

<https://doi.org/10.48081/ZJAG1084>

**\*Г. Н. Мырзахан, Ж. Б. Курмамбаева**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАЗЫЛЫМҒА ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАРАУ**

*Шет тілін үйрету үдерісіндегі басты мақсаттардың бірі – шет тіліндегі сөйлеу әрекеттерін білім алушыға толық меңгерту болып табылады. Осы орайда, көптеген білім алушылар үшін жазылым әрекетін үйрену қиындықтар туғызады, себебі, жазылым өздігінен сөйлеу әрекетінің ең күрделі түрі болып келеді.*

*Бұл мақалада шет тілін үйрету үдерісіндегі жазылым әрекеті психолінгвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Басқа сөйлеу әрекеттерімен салыстырғанда, жазылым әрекетінің қалай қалыптасып, жүзеге асатыны көрсетілген. Білім алушылардың өз ойларын шет тілінде ақ қағаз бетіне дұрыс жазып жеткізе алулары, академиялық жетістіктерге қол жеткізудің және қоғамдық өмірде оймен алмасудың басты құралы болып табылатындықтан, мақалада жазу дағдысының ерекшеліктері талқыланады. Мақалада жазылым әрекетіне әсер ететін психолінгвистикалық факторларға баса назар аударылады.*

*Кілтті сөздер: жазылым; жазылым әрекеті; психолінгвистика; тіл үйренуші; шет тілі; сөйлеу әрекеті; дағды.*

### **Кіріспе**

Қазіргі кезде шет тілін үйрету үдерісіндегі жазу мен жазылым әрекетін дұрыс қалыптастыру және оларды дамыту басты мәселелердің біріне айналып отыр, себебі жазылым әрекеті, өз кезегінде, ауызекі сөйлеуге қарағанда, айтарлықтай қиындықтар туғызатын процесс болып табылады. Осы орайда, «жазу (жазылым) мен жазылым әрекетінің айырмашылығы неде?» деген сұрақ туындайды. Лингвистика саласында: жазу- әріптерді, сөздерді, сөз тіркестерін жазу, яғни көшіріп жазу болса, жазылым- сөйлеу әрекетінің бір түрі және ол – өз ойыңды қағаз бетіне жазып түсіруге бағытталған күрделі шығармашылық әрекет болып табылады. Ал шет тілін үйрету үдерісіндегі жазылым әрекетінің басты мақсаты- білім алушылардың өз ана тілдерінде жазып үйренген мәтіндерін, шығармаларын шет тілінде де жаза алуға үйрету. Жазылым әрекеті өздігінен

күрделі болып келеді, себебі тек адамның ойлау қабілетінің жұмысымен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар, физикалық еңбектің де үлесін талап ететін сөйлеу әрекетінің бір түрі. Жазбаша сөйлеу оны қалыптастыратын функциялардың психологиялық табиғаты тұрғысынан қарағанда, ауызша сөйлеуден мүлдем өзгеше. Бұл сөйлеу алгебрасы, бейрет және саналы сөйлеу әрекетінің ең қиын және күрделі түрі [1, 30 б.]. Шет тілін үйрену үдерісінің алғашқы кезеңдерінен бастап жазылым мен сөйлесім әрекеттерінің арасындағы айырмашылықтар байқалады және жазу дағдысын ұштай келе, оның сөйлесім әрекетінен өзгеше екендігіне тағы да көз жеткізуге болады. Бұл екі сөйлеу әрекетінің арасындағы айырмашылықтар тіл үйренушінің ойлау қабілетінің даму деңгейімен тікелей байланысты болып келеді. Жазбаша сөйлеу басталғанда, оның негізін құрайтын барлық психологиялық функциялар, өздерінің нағыз даму процестерін аяқтамайды [1, 30 б.]. Демек, оқу үрдісі жаңадан басталып келе жатқанда, айтарлықтай жетілмеген, психологиялық функцияларға сүйене отырып жалғаса береді. Басқаша айтқанда, жазылым әрекетін қалыптастыруда психологиялық функциялардың атқаратын рөлдері аса маңызды, жазбаша сөйлеу әрекетін дұрыс қалыптастыру мен дамытуда ерекше мән берілуі керек факторлардың бірі.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Психоллингвистика – «психология» мен «лингвистика» пәндерінің интеграциясы болып табылады. Демек, психоллингвистика ғылымынан, шет тілін үйрету үдерісіндегі сөйлеу әрекеттері үшін ең маңызды: тілді қалай дұрыс меңгеру керек, сөйлесім қалай пайда болады және тілді қалай қабылдау керек деген үш сұрақтың жауаптарын таба алуға болады. Сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі сөйлеушілер тарапынан қабылдану жолдарына байланысты: продуктивтік және рецептивтік деп екі түрге бөлінеді. Сөйлесім мен жазылым әрекеттері сөйлеушінің жеке ойын, пікірін не сөзін жасап құруға бағытталған болғандықтан продуктивтік сөйлеу әрекетіне жатады. Рецептивтік сөйлеу әрекетіне – тыңдалым мен оқылым әрекеттері жатады және олардың басты мақсаты – сөзді, сөйлемді, мәтінді, басқаша айтқанда ойды түсіну.

Көптеген психоллингвистикалық теориялар мен зерттеулер бүгінгі күні педагогика саласында, әсіресе, шет тілін үйрету үдерісінде сәтті қолданылып келеді. Кейбір шет тілін үйретушілер – психоллингвистикалық теорияларды, шет тілін оқыту әдістерін дамытуда негізгі теориялық білімдер ретінде басшылыққа алып қолданып жүр. Бұл білімдердің шет тілін оқытуда қолданылуы – «психоллингвистикалық тәсіл» деген атпен белгілі. Аталған «психоллингвистикалық тәсілге» білім алушылардың жас ерекшеліктері, білімді қабылдау қабілеті, психикалық тұрғыдан дамуы жатады.

«Тілді қабылдау», өз кезегінде, тыңдалым және оқылым әрекеттеріне баса назар аударса, ал, «сөйлеудің пайда болуы», яғни ойлау және тіл арқылы

ойдағы немесе ойлаған сөзді айтуды қарастыра келе, сөйлесім мен жазылым әрекеттерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Нақтырақ айтсақ, психоллингвистика» осы төрт дағдының ішкі және сыртқы қиындықтарын түсінуге көмектеседі [2, 46 б.]. Сонымен қатар, психоллингвистика тілді меңгеруге ықпал ететін адам миында орын алатын ойлаудың бұзылуы сынды, кері әсерін тигізетін құбылыстарды да қарастырады.

Психоллингвистикалық тұрғыдан, шет тілін үйрету үдерісі алдымен индивидте іштей орын алатын, тек содан соң ғана әлеуметтік жағдайда көрініс табатын когнитивті процесс ретінде жүзеге асады. Жеке когнитивті процестердің белсендірулері, адамдарға түсінікті ақпарат алуға, екінші тілді меңгеруге ұмтылуға мүмкіндік беретін жолмен белсендіріледі [2, 48 б.].

Психоллингвистикалық тұрғыдан шет тілін үйренушілердің, жазылым әрекеті барысында жіберетін қателіктерін анықтауға болады, мысалы, орфографиялық қателіктерді тез анықтауға болады, себебі шет тіліндегі сөздер (ағылшын тіліндегі), қазақ тілімен салыстырғанда, басым бөлігінің айтылуы мен жазылуында айырмашылықтар бар. Алайда, шет тілін үйрету тәжірибесі көрсеткендей, білім алушылар, көбінесе, сөздерді ойларына қалай келеді немесе естиді солай еш өзгеріссіз қағаз бетіне түсіреді, олар шет тіліндегі сөздердің айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылықтарды ескермейтіндіктерінің дәлелі. Жазылым әрекетінде жіберілетін қателіктер, өз кезегінде, психоллингвистикада «аграфия» деген атауға ие, ал осы аталған қателікті болдырмай, жазылым әрекетінде жетістіктерге қол жеткізу үшін, білім алушы тарапынан жіберілетін қателіктер уақытылы түзетіліп отырылуы қажет. Ал, психоллингвистикалық тұрғыдан, осы қателіктердің алдын- алу, білім алушының жазу дағдысын дұрыс қалыптастыру және дамыту үшін білім алушылардың тіл деңгейлеріне, оқып жатқан сыныптарына, олардың ойлау және жаза алу қабілеттерін ескере отырып, олар үшін танымды, ой- өрістерін кеңейтетін, бар білімдеріне білім қосатын тақырыптарға қатысты тапсырмалар ұсына келе, жазылым әрекеті барысында пайда болуы мүмкін кемшіліктерді болдырмаудың қарапайым жолдарын айтуға болады. Бұл жазбаша түрдегі пайда болған кедергілер мен қиындықтардың деңгейлерін айтарлықтай төмендетуге өз септігін тигізеді. Жазылым әрекетінің тек тақырыбын дұрыс таңдау арқылы ғана, білім алушылардың шет тілінде оқуға, әсіресе, жазылым әрекетіне деген ынталарын арттыру мен қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, белгілі американдық профессор, лингвист Стивен Крашен өзінің «The Input Hypothesis: Issues and Implications» атты еңбегінде былай деген: «Кіріс гипотезасы адамдар тілді тек бір ғана жолмен- ойды түсіну арқылы немесе «түсінікті кіріс ақпаратын» қабылдау арқылы меңгереді. Біз табиғи жол (гипотеза) арқылы 2) біздің қазіргі құзыреттілік деңгейімізден біршама асып түсетін құрылымдар – біздің келесі «кезендегі» кіріс ақпаратын қамтитын

құрылымдарды түсіну арқылы жетілеміз» [3, 80 б.]. Демек, шет тіліндегі жазылым әрекетін қалыптастыру кезінде білім алушының ағымдағы деңгейі мен меңгеріліп жатқан ақпараттың арасында айтарлықтай алшақтық болмауы тиіс, тек сол кезде ғана меңгерілуі тиіс білім алушымен толықтай игеріледі.

Ал әйгілі кеңес психологы Л. С. Выготскийдің «Мышление и речь» еңбегінде айтуы бойынша: «Но так же точно, как усвоение алгебры не повторяет изучение арифметики, а представляет собой новый и высший план развития абстрактной математической мысли, которая перестраивает и подымает на высшую ступень прежде сложившееся арифметическое мышление, так точно алгебра речи или письменная речь вводит ребенка в самый высокий абстрактный план речи...» [1, 209 б.]. Демек, жазылым әрекеті- сөйлеу алгебрасы, арифметиканы меңгеруге қарағанда алгебраны меңгеру айтарлықтай қиындық туғызса, жазылым әрекетін меңгеру де сөйлесімге қарағанда аса күрделі болып, білім алушылар үшін көптеген қиындықтар туғызады. Л. С. Выготскийдің айтуынша бұл қиындықтарға психоллингвистикалық тұрғыдан қарағанда, бұлар баланың ана тіліндегі жазылымындағы қиыншылықтар. Себебі, мектеп табалдырығын жаңа аттаған оқушыларға жазылым әрекеті оларға үйреншікті емес жаңа құбылыс болып табылады. Балаларда алдымен есту, содан соң ғана, сөйлесім әрекеті дамиды, ал жазылым әрекетімен олар тек білім ордасында ғана танысады, сондықтан олар ана тілдерінде сөйлеп, сөздерді, сөйлемдерді оқи алғанымен де, жазылым әрекетін бірте- бірте үйренеді. Ана тілінде жазылым әрекеті қалыптаспаған бала үшін, шет тіліндегі бұл үдерістің қиындық туғызатыны белгілі. Жазылым әрекетін сөйлесімге қарағанда күрделі ететін, ондағы үдерістің құрылымы мен қызметі. Сөйлесім – диалог түрінде жүзеге асса, жазылым әрекеті – монолог. Сөйлесім әрекеті диалог түрінде іске асырылатын болғандықтан, онда диалогтың өзге де қатысушыларын көріп, ағымдағы жағдайларға, көңіл-күйлеріне байланысты дауыс ырғағын, мәнерін өзгерту мүмкіндігі болса, жазылым әрекеті – ешбір қатысушысыз, дыбыссыз, мәнерсіз, дауыс ырғағынсыз абстрактылы түрде саналы жолмен іске асырылады, сондықтан да жазушының ойын барынша ашып жеткізе жаза білуі керек.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

Білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізудің және де жазылым әрекетінің ана тілінде қалай жүзеге асатынына және неліктен білім алушыларға меңгеру барысында қиындық туғызатынына көз жеткіздік. Осы орайда, Л. С. Выготский : «Письменная речь не есть также простой перевод устной речи в письменные знаки, и овладение письменной речью не есть просто усвоение техники письма» [1, 208 б.]. «письменная речь есть совершенно особая речевая функция, отличающаяся от устной речи не менее, чем внутренняя речь от внешней по своему строению и способу функционирования», [1, 208 б.] деген. Жазылым әрекеті- тек ауызша айтылған сөз, сөйлемдердің жазбаша түрдегі аудармасы емес және жазу техникасын меңгеру де емес, ол өз ойын жазбаша

түрде қағаз бетіне түсіруі, яғни жаза алуы болып табылады. Ішкі сөйлеудің сыртқы сөйлеуден қандай айырмашылығы болса, жазылым да солайша сөйлесім әрекетінен ерекшеленетін аса күрделі сөйлеу әрекеті, яғни оның құрылымы, атқаратын қызметі, жүзеге асуы сөйлесім әрекетінен өзгеше болғандықтан, мектепке жаңа қадам басқан оқушы үшін ана тілінде бұл сөйлеу әрекетін меңгеру қиындық туғызады.

Лиз Уинердің айтуы бойынша, білім алушылар шығарма жазу әрдайым тек азаптану кезеңінен соң ғана келетініне алаңдайды және осы жазу әрекеті барысында олар барынша толқиды. Жазу дағдысымен психоллингвистиканы қарастыра келе, мұғалімдер білім алушыларға ана тілінде жазбаша тапсырма бермес бұрын, алдымен білім алушының даму ерекшеліктерін, қабілетін, психологиялық күй- жағдайын міндетті түрде ескеруі қажет, мысалы, белгілі бір тақырып аясындағы жазу тапсырмалары бір білім алушылар үшін айтарлықтай қиындық туғызуы мүмкін, ал енді келесі білім алушылар үшін өте жеңіл болуы мүмкін, сол себепті барлық білім алушылардың түсіну мен меңгеру деңгейлерін тиімді жолмен қалыптастыру тікелей мұғалімге байланысты деген тұжырымға келдік.

Жұмысымыздың зерттеуі бойынша шет тіліндегі бастапқы деңгейдегі білім алушыларға конкреттік жазылым тапсырмаларын беру арқылы, олардың жазылым әрекеттерінің негізін дұрыс қалауға болатынына көз жеткіздік. Мысалы, шет тіліндегі бастапқы деңгейдегі білім алушыларға: «Менің мектебім» тақырыбына 5 сөйлемнен тұратын эссе немесе «Менің отбасым», «Менің досым» тақырыптарына 5-6 сөйлемнен құраңыз деген сынды конкреттік тапсырмалар беру керек. Бұл тақырыптар бастапқы деңгейдегі білім алушыларға таныс болғандықтан, олар осы тақырыптар аясында өз ойларын жаза алады. Шет тілі маманы жазылым әрекетінің ерекшеліктерін ескере келе, оларға жалпылама түрде жазылым тапсырмаларын ұсыну дұрыс емес екенін естен шығармауы тиіс. Осы орайда, Л. С. Выготскийдің айтуынша: бастапқы деңгейдегі білім алушылар, жазылымның не мақсатпен орындалатынынан хабары болмайды және дыбыстың белгілердің графикалық түрде жүйелініп қағаз бетіне түсірілуі де олар үшін қиын үдеріс болып табылады. Сондықтан да, конкреттік тапсырмаларды бере отырып, бастапқы деңгейден бастап білім алушылардың жазылым әрекетіне деген ынталарын ашып, осы үдеріске деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

### **Қорытынды**

Л. С. Выготский: «Письменная речь должна быть в той же мере труднее устной речи, в какой алгебра труднее арифметики для ребенка. Письменная речь и есть алгебра речи» [1, 209 б.], деп айтқан, яғни оның айтуы бойынша, білім алушыға оның ана тіліндегі жазылым әрекеті қиындық туғызса, шет тілін жаңадан оқып бастаған білім алушы үшін ол өте күрделі болмақ. Сондықтан, шет тіліндегі жазылым тапсырмаларын білім алушының ағымдағы



тілдік деңгейіне байланысты деңгейлеп беру керек. Сол себепті, білім беру бағдарламасында, соның ішінде «екі шет тілі» мамандығында жазылымды деңгейлеп берген (A1, B1, C1). Сондай-ақ, білім алушының шет тілінде өз ойын жинақтап, тиянақты әрі түсінікті тілмен жазып жеткізе алуы, тікелей оның ойлау және қабылдау қабілеттерімен де байланысты. Демек, жазылым әрекетіне психолінгвистикалық тұрғыдан қарай келе шет тіліндегі жазылым үдерісінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады.

### Пайдаланған декетер тізімі

- 1 **Выготский, Л. С.** Мышление и речь. – М. : ОГИЗ- СОЦЭКГИЗ, 1934. – 323 с.
- 2 **Norita Purba.** The role of psycholinguistics in language learning and teaching. // Tell Journal.-April, 2018.- No 1.- pp 47-54.
- 3 **Krashen, Stephen D.** (1985). The Input Hypothesis. Issues and Implications. London; New York: Longman.
- 4 **Mehmet Demirezen.** Relation between Psycholinguistic Approach and Foreign Language Learning and Teaching.// Ondokuz Mayıs Universitesi Fakultesi Dergisi, 17 (2004) – P. 26–36.
- 5 **James D. Williams** «Preparing to teach writing» research, theory, and practice. 4th edition, – New York : Routledge, 2014.
- 6 **Пассов, Е.И.** Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению./ Е. И. Пассов. – 2-е изд-е. – М. : Просвещение, 1991.
- 7 **Пассов, Е. И.** Методическая система иноязычного образования как адекватное средство развития умения индивидуальности вести диалог культур.– Елец : МУП «Типография» Ельца, 2013. – 109 с.
- 8 **Залевская, А. А.** Вопросы теории овладения вторым языком в психолінгвистическом аспекте/ Тверь гос. ун-т. – Тверь : ТГУ, 1996. – 195 с.
- 9 **Леонтьев А. А.** Психолінгвистика в овладении языком// Основы психолінгвистики. – М. : Смысл, 1999.
- 10 **Зимняя, И. А.** Лингвopsихология речевой деятельности/ И. А. Зимняя. – М. : Изд-во МПСУ; Воронеж : НПО «МОДЭК», 2001. – 329 с.

### References

- 1 **Vygotskij, L. S.** Myshlenie i rech' [Thought and Language]. - Moskva : OGIZ-SOCJEKGIZ, 1934. – P. 323.
- 2 **Norita Purba** The role of psycholinguistics in language learning and teaching. // Tell Journal. – 2018. – 1. – P. 47–54.

- 3 **Krashen, Stephen D.** The Input Hypothesis. Issues and Implications. – London : New York : Longman, 1985.
- 4 **Mehmet Demirezen.** Relation between Psycholinguistic Approach and Foreign Language Learning and Teaching.// Ondokuz Mayıs Universitesi Fakultesi Dergisi. – 2004. – 17. – P. 26–36.
- 5 **James D. Williams.** «Preparing to teach writing» research, theory, and practice. 4th edition. – New York : Routledge, 2014.
- 6 **Passov, E. I.** Kommunikativnyj metod obuchenija inojazychnomu govoreniju [Communicative teaching method for foreign language speaking]/ E. I. Passov. – 2-e izd-e. – Moscow : Prosveshhenie, 1991.
- 7 **Passov, E. I.** Metodicheskaja sistema inojazychnogo obrazovanija kak adekvatnoe sredstvo razvitija umenija individual'nosti vesti dialog kul'tur [The methodological system of foreign-language education as an adequate mean of developing the estate of individuality to conduct a dialogue of cultures]. – Elec : MUP «Tipografija» 2013. – El'ca, 109.
- 8 **Zalovskaja, A. A.** Voprosy teorii ovladenija vtorym jazykom v psiholingvicheskom aspekte [Questions of the theory of mastery of the second language in the psycholinguistic aspect]/ Tver' gos. un-t. – Tver : TGU, 1996. – P. 195.
- 9 **Leont'ev, A. A.** Psiholingvistika v ovladenii jazykom [The psycholinguistics in language acquisition]// Osnovy psiholingvistiki. – Moscow : Smysl.
- 10 **Zimnjaja I.A.** (2001) Lingvopsihologija rechevoj dejatel'nosti [Linguopsychology of speech act]/ I.A. Zimnjaja. – Moscow : Izd-vo MPSPU; Voronezh : NPO «MODJEK», 1999. – P. 329 .

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

\*Г. Н. Мырзахан, Ж. Б. Курмамбаева

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

### ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ПИСЬМУ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

*Одной из основных задач в процессе обучения иностранному языку является детальное овладение речевой деятельностью обучающегося на иностранном языке. В связи с этим овладение письменной речью вызывает трудности у многих учащихся, потому что, письменная речь сама по себе является одной из самых сложных речевых деятельностей.*

*В статье рассматривается письменная речь в процессе обучения иностранному языку с психолингвистической точки зрения. Проанализировано как формируется и выполняется процесс письменной деятельности по сравнению с другими речевыми действиями. В статье обсуждаются особенности навыков письма, так как умения студентов правильно записывать свои мысли на белом листе бумаги на иностранном языке является ключевым инструментом для достижения академических успехов и обмена идеями в общественной жизни. В статье основное внимание уделяется психолингвистическим факторам, влияющим на письменную деятельность.*

*Ключевые слова: письмо, письменная речь, психолингвистика, ученик, иностранный язык, речевая деятельность, навыки.*

\*G. N. Myrzakhan, Zh. B. Kurmambayeva  
Abay Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.  
Material received on 08.09.21.

### PSYCHOLINGUISTIC APPROACH TO WRITING IN THE FOREIGN LANGUAGE TEACHING PROCESS

*One of the main tasks in the process of foreign language teaching is a mastery of the student's speech acts in foreign language.. In this regard, the mastery of written speech causes difficulties for many students, because written speech itself is one of the most difficult speech acts.*

*This article treats written speech in the foreign language teaching process from the psycholinguistic point of view. The article analyses how the process of writing is formed and performed in comparison with the other speech act types. The article treats the peculiarities of writing skills, thus students' abilities to correctly write their thoughts on a sheet of paper in foreign language is a key tool for achieving academic success and sharing ideas in social life. The article focuses on the psycholinguistic factors affecting on writing.*

*Keywords: writing, written speech, psycholinguistics, learner, foreign language, speech act, skills.*

FTAMP 16.31.02

<https://doi.org/10.48081/TDZH3650>

\*С. В. Оленев<sup>1</sup>, С. Ж. Ереғалиева<sup>2</sup>, Н. А. Нуркина<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Кемерово мемлекеттік университеті,  
Ресей Федерациясы, Кемерово қ.;

<sup>2,3</sup>Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

### САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ТІЛДІК ТҰЛҒА ӘЛЕМІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ

*Зерттеу нысаны қазақстандық саяси интернет-пікірлер болып табылады. Зерттеу мақсаты – қазақстандық саяси интернет-пікірлердің мәтін құруының құндылық факторын анықтау. Зерттеу пәні – интернет-пікірлерде іске асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық потенциалы мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық қарым-қатынасының сәйкестігі. Бұл нысанды зерттеу үшін теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылама, сипаттамалық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелері қазақстандық интернет-пікірлердің мәтіндері құндылық әлеуетімен басым екенін көрсетті. Күнделікті әдеттегі саяси дискурстың құндылық потенциалының деңгейі екінші мәтінді шығаруда бастапқы мәтіннің қолданылатын тірек сөздерінің санымен анықталды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақстандық виртуалды кеңістікте интернет-пікірлерді құру кезінде мәтіндік қызметтің доминантын лингвоаксиологиялық тұрғыдан түсіну. Материалды таңдау әр түрлі жанрлардың пайда болуына ықпал еткен ақпараттық технологиялардың дамуымен негізделген, онда тіл мен адамның арасындағы өзара байланыс басқа лингвистикалық бағытта зерттеледі.*

*Кілтті сөздер: әлемнің құндылық сипаты, саяси пікір, тілдік тұлға.*

#### Кіріспе

«Әлем бейнесі» ұғымы, тұтастай алғанда, адамның және оның болмысының ерекшелігін, оның әлеммен қарым-қатынасын, оның әлемдегі өмір сүруінің маңызды шарттарын көрсететін іргелі ұғымдардың бірі болып табылады.

«Әлем бейнесі» деп аталатын құбылыс адамның өзі сияқты көне болып табылады. Адамдардың әлемнің алғашқы суреттерін жасауы уақыт бойынша антропогенез процесіне сәйкес келеді. Дегенмен, «әлем бейнесі» термині деп аталатын болмыс жақын арада ғана ғылыми-философиялық зерттеу тақырыбына айналды [1, 7 б.].

«Әлем бейнесі» терминінің көптеген анықтамалары бар. Мысалы, В. И. Карасиктің пікірінше, «әлем бейнесі – ұжымдық санадағы шындық бейнелерінің тұтас жиынтығы ... және заттар мен құбылыстардың кластары туралы логикалық түрде қалыптасқан жалпы ойлар сияқты түсініктер» [2, 88 б.].

Әлемнің бейнесі бұл адамның бір жағынан ғана емес, барлық рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылатын әлемнің тұтас, ғаламдық бейнесі. Бұл идея адамның әлеммен барлық байланыстары кезінде пайда болады. Сонымен бірге, «әлем бейнесі объективті шындықтың субъективті бейнесі ретінде олардың ешқайсысында толық түсірілмей, символдық түрде анықталады» [3, 21 б.]. «Әлем бейнесі» терминінің синонимі «әлем моделі» термині болуы мүмкін. Әлем моделі бұл адамдар интеграциясының өзегі, адам өмірінің әртүрлі салаларын, олардың бір-бірімен өзара байланысын үйлестіру құралы болып табылады. Әлемнің моделі шындықтың тұтас бейнесі ретінде адамның дүниені қабылдауы мен дүниетанымының барлық әрекеттерін жүзеге асырады.

Әлемнің тілдік бейнесі әлемнің арнайы ерекше суреттерін (физикалық, философиялық, логикалық және т.б.) құрайды, өйткені қоғамдық-тарихи тәжірибе бекітілген тілдің арқасында ғана адам әлемді және өзін тани алады, түсіне алады.

Академик Ю. Д. Апресян әлемнің тілдік бейнесін анықтау мәселесі туралы өз ойын былай түсіндіреді: «Әрбір табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың (тұжырымдамалаудың) белгілі бір тәсілін, жолын көрсетеді. Онда айтылған маңызы бар мағыналар белгілі біртұтас көзқарастар жүйесін қосады, ол өзіндік ұжымдық философия, ол барлық сол тілде сөйлейтіндерге міндетті түрде жүктелген ұжымдық философияның бір түрі [4].

Осыған сүйенетін болсақ, кез-келген жеке мәтін белгілі бір коммуникативті жағдайларда өмір сүретін тілдік тұлғаның күнделікті қарапайым тілдік санасын қалыптастыратын әлемнің қарапайым бейнесінің көрінісі болып табылады. Н. Н. Шпильная өз еңбектерінде мәтін арқылы әлемнің тілдік бейнесін зерттеу туралы айтады. Оның айтуынша, сөйлеу-ойлау әрекетін зерттеу осы зерттеу моделінің көмегімен мүмкін болады: әлемнің бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі – мәтін, мұнда әлемнің бейнесі – жеке тұлғаның көзқарастары, ойлары, құндылықтар жиынтығы, әлемнің тілдік бейнесі – бұл іске асыру құралы, ал мәтін – адамның менталды қызметінің жемісі, ақыл-ой әрекетінің өнімі [5].

Сонымен қатар, әлемнің қарапайым бейнесі концептуалды түр екенін есте ұстаған жөн. З. Д. Попова мен И. А. Стернин әлемнің тұжырымдамалық бейнесі – «адамның әлемді тікелей тануы нәтижесінде пайда болатын және қоршаған айналадағы шындық туралы мазмұнды, тұжырымдамалық білімді де, белгілі бір шындық құбылыстарын түсінуін анықтайтын және нақты бір стереотиптік жағдайларда оның мінез-құлқын анықтайтын халықтың стереотиптік түсінігінің жиынтығын қамтитын бейне» деп айтады [6, 5-бет].

Алайда, әлемнің тұжырымдамалық бейнесін жасай отырып, адам қоршаған шындықтың қандай да бір нысандары мен құбылыстарына белгілі бір дәрежеде назар аударады. Кейбіреулер оған көбірек қызығушылық танытады, ал басқалары аз. Осыған байланысты тілдік қоғамдастық өкілдерінің өмірінің белгілі бір аспектілерінің құндылық маңыздылығы туралы мәселе туындайды.

«Әлемнің құндылық бейнесі – белгілі бір тарихи кезеңдегі идеологияның, нанымдардың, қоғамның қажеттіліктерінің көрінісі» [7, 25 б.]. Жеке тұлғаның қоршаған айналасындағы шындықпен қарым-қатынасының аксиологиялық сипаты адам әлемінің жалпы көрінісін қалыптастыруға белсенді әсер етеді. Бұл қарым-қатынастың нәтижелері санада және тілде әлемнің жалпы бейнесінің аспектісі ретінде ерекшеленетін әлемнің құндылық бейнесі түрінде бекітіледі [8].

В. И. Карасик әлемнің құндылық бейнесінің келесі ерекшеліктерін анықтайды: 1) әлемдегі тілдегі құндылық бейнесі жалпы адамзаттық және ерекше бөліктерді қамтиды, ал бұл бейненің ерекше бір нақты бөлігі объектілердің әртүрлі номинативті жиілігіне, объектілердің әртүрлі бағалау біліктілігіне, құндылықтардың әртүрлі комбинаторикасына дейін азаяды; 2) тілдегі әлемнің құндылық бейнесі құқықтық, діни, моральдық кодекстермен, жалпы қабылданған ой-пікірлермен, пайымдаулармен, типтік фольклормен және белгілі әдеби сюжеттермен өзара байланысты бағалау пайымдаулары түрінде қайта құрылады; 3) бағалау пайымдаулары арасында қосу және ассоциативті қиылысу қатынастары байқалады, нәтижесінде тиісті мәдениеттің құндылық парадигмаларын орнатуға болады; 4) әлемнің құндылық бейнесінде осы бір мәдениет үшін маңызды мағыналар, құндылықтар доминанттары бар, олардың жиынтығы тілде қолдау көрсетілетін және сақталатын мәдениеттің белгілі бір түрін құрайды; 5) бір тілдік мәдениет шеңберіндегі әлемнің құндылық бейнесі біртекті емес білім болып табылады, өйткені әртүрлі әлеуметтік топтарда әртүрлі (кейде қарама-қарсы) құндылықтар болуы мүмкін; 6) әлемнің құндылық бейнесі ұжымдық санада да және жеке санада да болады [8].

**Зерттеу пәні:** интернет-пікірлерде іске асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық потенциалы мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық параметрлерінің арақатынасы.

**Зерттеу мақсаты:** қазақстандық саяси интернет-пікірлердің мәтіндік пайда болуының құндылық факторын анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

– түпнұсқа мәтінді бастапқы мәтінмен (интернет-пікір) ресми, мазмұнды және функционалды түрде салыстыру;

– интернет-пікірлердің мәтіндерінің пайда болуына ықпал еткен интернет-комментатордың құндылық объектісін анықтау.

**Зерттеу әдістері мен нәтижелері**

Бұл мәселені зерттеу үшін теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылама, сипаттамалық әдістер қолданылды.

Лингвистикалық талдау материалы Nur.kz. жаңалықтар порталынан алынған «Абаев «Рухани Жаңғыру» және француз компаниясының логотиптерінің ұқсастығына түсініктеме берді» атты саяси мақала болды. Мақала «Рухани Жаңғыру» мен «L'aigle de Patmos» француз компаниясының логотиптерінің ұқсастығы туралы мәселеге арналған [9].

Материалды таңдау кезінде неғұрлым көп пікір айтылатын саяси мақалаларға назар аударылды, саяси мәселелер мақалаларының мәтіндеріне интернеттегі пікірлер мәтіндерімен салыстырмалы талдау жүргізілді. Бірінші кезекте екінші мәтінде (интернет-түсініктемеде) сақталған түйін сөздер мен нысанға, одан кейін мазмұндық жағына назар аударылды.

Саяси мәселенің оқырманы ретінде әрекет ете отырып, реципиент өзінің күнделікті санасы әлемінің тілдік бейнесінің бөлігі болып табылатын бастапқы мәтінге енгізілген белгілі бір құндылықтарға назар аударады. Әрі қарай, пікір қалдыра отырып, ол коммуникаторға айналады, ол мәтінді қабылдау нәтижесінде назарын өзіне маңызды болып табылатын құндылық компоненттеріне аударады, олар екінші мәтінді құруға түрткі болады. Құндылықтарды жүзеге асыру белгілі бір тіл құралдары арқылы жүреді, олар тірек сөздер ретінде жүзеге асырылады.

**Нәтижелер және талқылау**

Комментаторлардың қазақ халқы үшін құнды болып табылатын ұлттық, өзіне тән сөздерді қолданатын бірқатар мысалдарын қарастырайық.

Adilkhan Чайки, Чайки... Орёл...! (Шағала, Шағала... Бүркіт...!). Adilkhan атты комментатор саяси оқиғаны, соған арналған «Абаев «Рухани Жаңғыру» және француз компаниясының логотиптерінің ұқсастығына түсініктеме берді» [9] атты логотиптердің ұқсастығына қатысты мәтінді түсіндіре отырып Қазақстан суретшілерін плагиат жасады деп айыптау жалған деп мәлімдейді. Комментатордың айтуынша, француз компаниясының логотипінде бейнеленген

құс шағалаға ұқсайды, ал қазақстандық логотипте бүркіт бейнеленген. Алайда, бастапқы мәтінде құстардың түрлері туралы тіпті әңгіме болған жоқ, бастапқы мәтіннің авторы құсты түрлі-түсті геометриялық фигуралармен бейнелеу идеясы плагиат екенін айтты. Ал осы жайлы айтылған пікірдің авторы суреттелген құстардың түрлері туралы ойлана отырып, әңгіме тақырыбын өзгертіп, басқа жаққа бұрып әкетеді.

Айта кету керек, Adilkhan деген лақап атпен пікір жазған комментатор символдық бейнеде бүркіт құсын кездейсоқ алмайды. Қазақлингвомәдениетінде бүркіт (қыран) ерекше құс болып табылады. Қазақтарда өмір сүруге байланысты негізгі кәсіптердің бірі аң аулау болды. Ол үшін иттер (тазылар) мен аңшы құстар (бүркіт немесе сұңқар) қажет болды. Сондықтан халық ұғымында қыран (бүркіт) ерекше орын алады, ол Қазақстанның мықтылығының, күшінің нышаны болып саналады және осы сипатта еліміздің туында бейнеленген. Келесі пікірге негіз болған да осы.

KimiNa Бізде қыран ғой сол туда да басқа жерлерде де, ол біздің халықтың негізгі нышаны. KimiNa лақап атымен жазған автор логотиптердің плагиаты туралы сол саяси мәтінге түсініктеме береді. Ол бейнеленген құсты қыран бүркіт деп санайтын өзінің виртуалды сұхбаттасушыларының пікірін қолдайды және Қазақстан туында қыран бар екенін айтады.

Осы саяси мәтіннен шыққан құс басқа комментатордың да назарын аударды.

Қасқыр Логотипте бірінде көгершін ғой деймін тұрған. Ал біздікінде бүркіт қой. Сонымен бірге қасқыр деген лақап атпен жазған комментатор құстың бейнесіне назар аударады және екі логотипте әртүрлі құстар бейнеленген, француздарда көгершін бейнеленген деген қорытынды жасайды. Автор бұл саяси мәселені өзінше түсінеді, оны бағалауда осы тақырыпты өзінің ұлттық ерекшелігі тарапынан көреді, оларға бүркіттің бейнесі «өзінікі, өзіне жақын», ал көгершіннің бейнесі «бөтен» болып беріледі.

Қазақтар бүркітке ерекше қарайды, ол барлық аңшы құстардың құдайы – құс тәңірі (құстардың әміршісі, иесі) болып саналады. Қазақтар бүркітті киелі деп атайды (қорықтық, қол сұғылмайтын, қасиетті) [10, 92–93 б.]. Сондай-ақ, интернет-комментаторлардың санасында бұл құс Қазақстан мәдениетінің бір бөлігі, ал шағала немесе көгершін бейнесі басқа ұлттық мәдениетінің бір бөлігі екендігі баса айтылған.

**Қорытынды**

Сонымен, ұлттық сананың ерекшелігі өмір салтымен, әлеуметтік және табиғи ортаның жағдайымен, рухани және материалдық мәдениетпен анықталады, ол тілдің әртүрлі деңгейлерінде белгіленеді және әр халық үшін оның ішінде интернеттегі пікірлерде де көрінетін құндылық болып табылады.

**Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР БЖҒМ қолдауы негізінде, АР08053314 «Қоғам мен мемлекеттің жандандыру жағдайында ұлттық әлем бейнесі құндылықтарын қалыптастыру мәселесі (қазақстандық қарапайым саяси дискурсы материалдары негізінде)» жобасы шеңберінде орындалды.

**Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Серебренников, Б. А.** Предисловие [Текст] // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М. : Наука, 1988. – 212 б.
- 2 **Карасик, В. И.** Язык социального статуса. – М., 2002. – 477 б.
- 3 **Постовалова, В. И.** Картина мира в жизнедеятельности человека // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира / Б. А. Серебренниковтың ред. – М. : Наука, 1988. – 8–69 б.
- 4 **Апресян, Ю. Д.** Интегральное описание языка и системная лексикография: в 2 т. – М. : Языки русской культуры, 1995. – 2. Т. – 348–349 б.
- 5 **Шпильная, Н. Н.** Языковая картина мира в структуре речемыслительной деятельности русской языковой личности: автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст]. – Кемерово, 2010 – 23 б.
- 6 **Попова, З. Д.** «Слабые места» публикаций по когнитивной лингвистике (к проблеме унификации и стабилизации лингвокогнитивной терминологии) [Текст] // Язык. Этнос. Картина мира. – Кемерово, 2003. – 1-шығарылым. – 16–23 б.
- 7 **Эмер, Ю. А.** Ценностная модель мира традиционного фольклора в жанровом воплощении [Текст] // Томск мемл. унив. хабаршысы – 2007. – 297-шығарылым. – 25 б.
- 8 **Карасик, В. И.** Культурные доминанты в языке [Текст] // Языковая личность: культурные концепты. Ғылыми еңбектер жинағы / ВМПУ, ПМПУ. – Волгоград–Архангельск: Перемена, 1996. – 3–16 б.
Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездесетіндігін жоғарыда атап өткенбіз. Олардың бір тобын бұрынғысынша дерексіз ұғымдарды білдіретін, халықтың тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар (*жәһаннам, құтба, зікір, зекет, махшар, топан, аят, рабат, бесін, підия, мүһмін, тәубе, хазірет, аждаһа, зұлтыхар, тамұқ, иман, уәжіп, парыз, сүннет т.б.*) мен дін иелерінің (зұлжалал, абыз, бақсы, пір, хақ, Ібіліс, пірадар, сопы, сахаба, мұрит, шахарияр т.б.) аттары құрайды. Сондай-ақ, бұл қатарда мәдени-рухани дүниелерге қатысы бар атаулардан тұрады. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы автордың сауаттылығына байланысты болды. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан дүниелерде шет тілдік элементтердің, оның ішінде жалпыхалықтық сөйлеу тіліне енгендерден өзге сөздердің ұшырауы заңды. Нұртуған жырау мен Шоқан тілінің басым көпшілігінде тек қана дінге қатысты *пейиш, тамұқ, зекет, жаббар, құбыла, мүһмин, иман, құда, ахирет, тәжбир, сират, шайтан, махшар күні, құдайдың пәрмәні, раббы, пір, сүннет, парыз, уәжіп, хатим қылу* деген «діни» атаулар қолданылады.



*Мұхаммед ұрпақтары (сейттер мен қожалар) және халифалар мен түрлі әулиелердің ұрпақтары (шейхтар) осы екі топтың біріншісіне жатады. Дін басыларының және бүкіл дін қызметкерлерінің басында бір қожжа-қалән, бірнеше ишан-накиб және ишан-сүдірлер отыр (Шоқан).*

Бұл мәтіндегі **халифа** – 1) мирасқор; 2) орнын басушы; 3) тарих. халифа (Мұхаммедтің мирасқоры, орнын басқан, мұсылмандардың діни және өкімет билігін басқарған әкім атағы). Араб тілінде халифатун – біреудің орнын басу; орынбасар болу; мирасқор болу дегенді білдіреді [3, 296 б.]. Қырғыз тілінде **қалифа** – түрік сұлтаны [4, 357 б.].

**Қожа-қалән** – «ұлы қожа» – дін басыларының қызметін бақылап отыратын ең жоғарғы діни лауазым;

**Ишан-накиб** – сүфи орденінің басшысы;

**Ишан-сүдір** – бас ишандардың бірі [5, 280 б.].

*Ортаазиялықтар ырымишыл әрі өте діндар болады: сейттер солардың қараңғылығын пайдаланып, халық арасында аса зор құрметке ие болып отыр; шәкірттері мен мүридтері солардың гажайып ғаламаттарын баян етіп, дәріптейді, ал енді халық соның бәріне шексіз сенеді (Шоқан). Мүриті бұл шайықтың жүз бес адам, Зарлаған зікір айтып таңсәріден. Баланың жиырма беске келді жасы, Шықпайды еткен ісі дін жолынан. Бәрінен күллі мүриттің абзал болып, Қызметін алып жүрді ұстап құмған (Нұртуған).*

**Мүрит** – дін басшысының шәкірті; иман-пірге қол берген кісі. Парсы тілінде мурид – дін басшысының жолын қуушы [6, 485 б.].

*Керуеннің мынадай шығыны болды: Қашқарда 622 сом 50 тиын, Құртқада 360 сом зекет, 1302 сомдық сыйлық берілді (Шоқан). Жиып ап қайыр-садақа, Зекет, үсір, пітірді Дұрыс па беру әкеліп, Жорғаға мінген ғалымға?! (Нұртуған).*

**Зекет** (закат) – 1) тазалық; 2) қайыр, садақа; 3) оннан бірі; 4) діни. зекет – мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық. **Зекет** – ислам діні бойынша, жылдың аяғында, жазғытұрым қожа, ишандардың халықтың мал мөлшеріне салатын салығы, үлесі [8, 262 б.]. Парсы тілінде зей – өмір, тіршілік, азық дегенді білдіреді [6, 264 б.]. **Зекет** парсының зей сөзімен қалыптасқан діни салық түрі. Бұрын зекет малдан алынған. Мөлшері 40 қойдан 1 тұяқ, 5 түйеден 1 қой зекет бермеген адамдардың үй-іші мен мал-жаны алланың кәріне жолығып, қырсыққа ұшырайды деген сенім бар болған. **Зекет** – мал өсіруші аудандардағы қазақ шаруашылықтары малдарының жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде төленіп отырған [7, 22 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан тіліндегі кірме сөздердің мол қабатын **араб** пен **парсы** тілдерінің сөздері құрайды.

Қазақ тілінде бірқатар көнерген атаулар діни уағыздармен тікелей байланысты екені жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғарылады. Нұртуған

жырау мен Шоқан діни ұғымдағы сөздерді шығармаларында еркін қолдана отырып, өздерінің діни сауатты екендерін де көрсетеді, әрі қараңғы халықты діннен хабардар болуға үндейді.

**2 Әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген аталымдар.** Шығармада қару-жарақ атаулары, сонымен байланысты фразеологиялық тіркестер жиі ұшырайды. Соның өзінде көне қару-жарақ аттарымен қатар, олардың XVIII–XIX ғасырда қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай шығарманың біздің дәуірімізге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса керек. Мысалы, *жауынгер, солдат* мағынасында *жасақ, қол, жасауыл* сияқты көне аталымдар қолданылған. Сондай-ақ *қорамсақ, бадана, кіреуке, жебе, сүңгі, сарыжа, найза, алмас, айбалта, мысқұлақ* тәрізді көне қару-жарақ аталымдарымен бірге *мылтық, қанжар, қылыш, садақ, барабан* сияқты кейінгі дәуірімізге тән соғыс құралдары да қатар қолданылған.

Академик Ә. Қайдаров «...көненің көзінде сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады, дей келіп, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, сарбаз, жүздік, мыңдық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады» [9, 14 б.].

Ал енді *тікелей басқарып, алым-салық жинау ісін жеңілдету үшін халықтың өзі жүздік және мыңдық деп аталатын жеке топтарға бөлінген. Жүздіктерді жүзбегі, мыңдықтарды мыңбегі басқарады (Шоқан).*

Мұндағы **жүзбегі** – жүз әскерді басқарушы, **мыңбегі** – мың әскерді басқарушы.

**Жасақ** жорықтан соң ауылға қайтты, өз жайлауларына жақындағанда дауыл тұрды (Шоқан). Мақұл көрді бәрі де, **Жасақ** санын көбейтіп, Межелі күні жиганды (Нұртуған).

**Жасақ** – 1) әскер, қару жарақтанған бір топ жауынгер; 2) ерте кездегі мал басынан алынатын салықтың бір түрі. Бұл жерде «**жасақ**» қару жарақтанған бір топ жауынгерлер архисемасын білдіретін аталым. Сөздікте **жасақ** – 1) әскер, қол, қару жарақтанған бір топ жауынгерлер; 2) ерте кезде мал басынан алынатын салықтың бір түрі деген екі мағынаны білдіреді. Мал басына төленетін жасақ салығы үй салығына қарағанда заңдылығы жөнінен салық салудың дұрыс түрі болды. *Жасақ* әрбір түліктен /түйені қоспағанда/ бір пайыз мөлшерінде алынды. Алғашында заттай алынатын бұл салық кейіннен ақшаға ауыстырылды (М. Елеусізов).

Ғалым Р. Сыздық: «Заман неғұрлым әрілеген сайын қазіргі нормамен салыстырғанда, көнерген элементтердің молынан ұшырасуы заңды да, түсінікті де. Бірақ әрідегі әдеби мұра ауызша сақталғандықтан, көптеген бейтаныс дүниелер мәтіннен ығысып, бізге түсініктірек баламалармен жеткені аян. Әйтсе де бұл мұралардан «көненің көздері» – архаизмдерді табуға болады» [10, 80 б.], – деген пікірі осының айғағы.

**Найзаны салып түйретті, Садақты тартып үйретті, Осылай баулап өсірді Ұрпақты іске шыдамды** (Нұртуған). *Бүкіл Батыс өлкедегі сияқты Оңтүстік линия солдаттарының да негізгі қаруы – садақ пен найза; тек азғантай ғана бөлімінде мылтық бар* (Шоқан).

**Найза** – ұшы істік темірден істелген ағаш сабы бар соғыс құралы [8, 84 б.]. Парсы тілінде **нейзе** – найза, шанышқы, жақын жерден лақтырып тастауға арналған қысқа сапты найза [6, 576 б.].

**Садақ** – ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен керіп, сол кермеге оқ (жебе) салып тартып ататын, өте көне замандардан келе жатқан қару атауы. Рабиға Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» жазған еңбегінде «садақ» сөзіне мынадай сипаттама берілген: «Садақ, жақ/жай/жа. Бұл сөздер қазақ эпостарында да, XV–XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тілдерінде де жиі кездесетін, қазірде көнеленген сөздердің қатарынан табылады. Садақ сөзінің синонимдері *жақ* – *жай* – *жа*. Соңғы жа варианты қазақ тілінде *сарыжа*, *бұхаржа* сөздерінде сақталған» [11, 100 б.]. Садақ – ағаштан доға тәрізді иіліп жасалған ескі атыс құралының бір түрі, жақ [8, 144 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде жаугершілік, соғыс картинасын суреттеу мақсатында, әскери сөздер мен сауыт-сайман, қару-жараққа аттарына қатысты көнерген сөздерді шебер әрі ұтқырлықпен қолданып отырған.

**3 Әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген аталымдар.** Бұл топқа жататын көнерген сөздер тарихи аталым (историзм) деп аталады. Олай дейтініміз, ендігі айтылатын аталымдардың қазіргі тіл қолданысында ешқандай синонимі жоқ, тек сол қалпында тарихи шығармаларда сақталған, ескіліктен хабар беретін сөздер.

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде үшінші бір топ лексика әлеуметтік-әкімшілік жағдаймен байланысты болып келеді. Мұнда да жоғарыда атап өткендегідей көне феодалдық дәуірге тән ел билеу жүйесінде кездесетін терминдік сөздермен қатар, жаңа капиталистік дәуірдің көрінісі дерлік бірен-саран сөздер кездеседі. *Хан, батыр, патша, бек, құл, күң, падиша, уәзір, төре, сұлтан, ханым, нөкер, әмірші, төлеңгіт, ерзада, ханзада* сөздері жырдың көне дәуір оқиғаларынан хабар беретін, көбінесе титулды (әлеуметтік дәреже-лауазымды) білдіретін элементтер болып келсе, *бай, жарлы, халық,*

*мырза, болыс, ақылғөй, елші* сөздері жырдың кейінгі кезде жырлануымен байланысты қосылған «жаңартулар» екендігіне дәлел тәрізді.

*Әрбір көтерілістен кейін олар аласұрып, халықты талан-таражға салады, әйелдерді зорлайды, мешіттерді қиратып, дәруіштер мен кембағал кедейлерді қорқытып, үркіту үшін жазықсыз адамдарды қырып-жоя бастайды* (Шоқан).

**Кембағал** – мүсәпір, сорлы; киер киім, ішер тамағы жетіспейтін, күн-көрісі төмен жоқ-жітік адам [8, 285 б.]. Парсы тілінде *кам-бағал* – кедей, мүліксіз дегенді білдіреді [6, 405 б.]. Тәжік тілінде де *камбағал* – кедей, мүлкі жоқ, тақыр кедей деген сөз [12, 176 б.].

*Ертеде өткен Алаштан бастап, барлық ру, ру басы – билер мен батырлар, олардан өрбіген аталар мен әулеттер, хандар шежіресі Шал жырында түгелдей қамтылатын көрінеді* (Шоқан).

*Жариялап бұл күндегі алты Алашқа. Шақырып патша алдырды айналасын, Қолына жілік беріп жариялап, Мінгізіп алма сағақ, хан Қарасын* (Нұртуған).

**Алаш** – 1) қалың көпшілік, ел, жұрт, қауым; 2) қазақ елі, қазақ қауымы. Қазіргі қазақ тіліндегі *алты алаш* тіркесі *бүкіл халық, көпшілік қауым* деген мағынаны білдіреді. Алғашқы кезде *алаш* сөзі жағымды ұғым болмаған. «Мавренахрді билеуші Махмудтың інісі Ахмед монғолша киініп, монғолша қаруланатын өте қатал адам болыпты. Ол ұрыстарда қалмақтарға бірнеше рет өлтіре сокқы береді, жеңілген қарсы жақты қатты қырғынға ұшыратады, сондықтан қалмақтар оған «*алаш!*» – қан құйды, бас кесер, жауыз деген жаман атақ тағады» [13, 76 б.]. Бұл тарихи деректі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл демократы Абай Құнанбаев та өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде сөз еткен. «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы дегеннің орнына, сонан соң сол хан, бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы, алашы» деп «ұран-сүрен» салыңыздар деп бұйырып, бұларға айқай салғанда, көп жанның айқайымен «алаш-алаш!» деп кетіпті. Сондықтан алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен. Қазақ тіліндегі *алаш* сөзінің де алғашқы кезде жан алғыш, кісі өлтіргіш, ел талағыш деген тұрпайы мағынасы болған [14, 405 б.] Монғол тілінде *алаач* – кісі өлтіруші, жендет, жанкешті деген мағынада қолданылады [15, 19 б.]. Ойрат тілінде *алдачы* – жан алғыш (қазақша алашы). Бұл фактілер қазақ тіліндегі *алаш* сөзінің тарихи мәнін толық ашып беретін тәрізді.

*Біріншіден, болыстар, ақсақалдар, сұлтандар, билер және ауқатты қазақтардан, яғни мансапқа ие болуды көздейтін атқамінерлерден сөз*

*тарттық* (Шоқан). Сонда да бір-бірінен жан аямас, Дос болды айырықша бір адамға. Ол адам шайыр еді түбі терең, Сөйлейтін еркі де бар **сұлтан**, ханға (Нұртуған). Қарасайдың бұл ісін бірге келген **билер** мен ақсақалдар да мақұл көрді (Нұртуған).

**Сұлтан** – 1) өкімет, үстемдік, билеп тұрушылық; 2) тақсыр, патша; 3) ауыс. батыр, ер, асыл. Араб тілінде *султәнун* – тақсыр, патша, жоғары билік жүргізуші дегенді білдіреді [6, 462 б.].

**Би** – дау-жанжалға билік айту үшін үстем таптың қолдауымен сайланған өкілі. Кеңес үкіметінен бұрынғы қазақ ауылындағы *сот* [8, 113 б.]. Араб тілінде *бей* – атақ (титул) дегенді білдіреді [6, 63 б.]. Ойрат тілінде *бий* – мырза, жоқа [16,30 б.]. Келтірілген мәтіндегі «би» дау-жанжалдың ақ-қарасын ажыратып беретін адам мағынасында қолданылса, қазір тек *би өнері* ретінде қалыптасқан аталым және мағынаның даму нәтижесінде *билік*, *билік өкілдері*, *билеп алу*, *билікке таласу* деген сияқты тіркестерде кездеседі.

Осындай қиын-қыстау шақта, үш жүз батырдың арасында, жат жұрттық Алаш атты дана ғайыптан пайда бола кетеді. Алаш қазақтарды жинап алып ұзақ сөйлейді, сөзі халықты қатты тебіренгенді. Сол жерді қазақтар Алашты өздеріне рубасы және қазы етіп сайлайды [5, 39 б.].

Бұл пікір – бірнеше би мен әкімдердің аузынан шықты, **орданың** өзге құрметті адамдары оларды мақұлдап, бас изеді (Шоқан). Талма-талтүс болғанда, **Ордасын** ханның көреді. Аттарынан түсіп байлады, Ордадан қашық жерге кеп. Қауіптері де жоқ емес, Босанып аттар кетер деп (Нұртуған).

**Орда** – 1) патша тұратын қала; 2) сәулетті үй. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде *орду* – шах тұратын шаһар, орда [17, 145 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларында **жауырыншы** сөзі кездеседі. **Жауырыншы** – қазіргі сөйлеу тілінде «балгер». Едіге баласына қарға бұтты Қаразбанды берді. Қасына қырық кісі ертті. Басшы қылып **жауырыншы** Ақпан дегенді қосты (Нұртуған). Ал Шоқан тілінде осы **жауырыншы** деген көнерген аталымға **балгер** сөзі тіркесіп қолданылады.

**Жауырыншы балгер** – қойдың жауырынымен, құмалақпен бал ашады. Қойдың құмалағын ретімен қояды, олардың саны қырық бір болуға тиіс. Жауырынмен бал ашу және қырық бір құмалақпен бал ашу қазақтар арасында ең кең тараған балгерліктің түрлері. Кезінде, құмалақпен бал ашу Данияр (Даниш) пайғамбардан мұра боп қалған деседі. Бал ашудың бірінші түрі – жауырынмен бал ашқанда: жауырынды отқа қыздыра бастағандағы, жауырынга түскен белгі – сызықшаға негізделеді. Бақсылардың айтуынша, жауырын жеті халықтың тағдырымен қоса патшаларының өлімін, елінің өлім-жітімін, саяхатшыларының басынан кешкендерін айтып бере алады (Шоқан).

*Алты шаһар жері мен оның жергілікті халқына қатысы бар деректер Қашқардың бектері мен шайхыларынан, ахундарынан және менің Қашқардағы бұл мәселеге әбден қанық тума-туысқандарымнан алынды* (Шоқан). Даниель қожа **шейхтардың** бірінің ұрпағы – Ханарықтың Әлімахуны осы партияның Қашқардағы өкілі болып саналады (Шоқан). Хид нәби пұд қауымына иман етіп, Түсінбей **шейхтардың** өзін қырған. Меккеде зираты бар бұл нәбидың Көреді оған асық іздеп барған (Нұртуған).

**Шейх** (шайх, шайқы, шайхы, шайық) – 1) қарт, қария; құрметті кісі; 2) Шейхтар палатасының мүшесі, сенатор; 3) шейх – ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) діни. рухани көсем; 6) галым; 7) мұғалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші.

#### Қорытынды

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде көнерген аталымдар біріншіден өздері суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, екіншіден өз тілдерінің лексика-семантикалық қабаттарын байытып отыр.

#### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Мұсабаев, Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б. ISBN 978-601-7172-39-8 2
- 2 Болғанбаев, Ә. Қазақ тілінің лексикалогиясы. – Алматы : Мектеп, 1988.
- 3 Большой арабско-русский словарь, Том 1, Баранов Х.К., 2006. (<https://obuchalka.org/20180719102114/bolshoi-arabsko-russkii-slovar-tom-1-baranov-x-k-2006.html>)
- 4 Юдахин, К. К. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. – М.: Советская Энциклопедия, 1965. – Книга 1 (А-К) 503 с. – Книга 2 (Л-Я) 475 с.
- 5 Уәлиханов, Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы : Атамұра, 2006. – 304 б.
- 6 Персидско-русский словарь : [ В 2-х т. / М. Н. Османов, Д. Х. Дорри, Л. Н. Киселева и др. ; Авт. предисл. Ю. Рубинчик] Т. 1. - М. : Рус. яз., 1985. - 800 с.
- 7 Елеусізов, М. Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 127 б.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жанұзақов Т. (бас ред.) – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б. ISBN 9965-798-99-0
- 9 Қайдаров, Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
- 10 Сыздық, Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы : Арыс, 2004.
- 11 Сыздықова, Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы : «Арыс», 2004.
- 12 Таджикско-русский словарь / Мирбобоев А. (ред.) Фарҳанги тоҷикӣ-русӣ - Таджикско-русский словарь - Tajik-Russian Dictionary. – Душанбе : Пажӯҳишгоҳи Рӯдакӣ, 2006. – 782 с.

13 **Бартольд, В. В.** Очерк истории Семиречья. – Фрунзе : Киргизгосиздат, 1943. – 104 с.

14 **Құнанбаев, А.** Шығармаларының толық жинағы. – Алматы : Ғылым, 1954. – 321 б.

15 Большой академический монгольско-русский словарь. Монгол орос дэлгэрэнгүй их толь : В 4-х т. : ок. 70 000 слов / Ин-т яз. и лит. Акад. наук Монголии, Ин-т языкознания РАН; [Ё. Баярсайхан и др.] ; Под общ. ред. А. Лувсандэндэва и Ц. Цэдэндамба ; отв. ред. Г. Ц. Пюрбеев. – М., 1957. А - Г. – 2001. – 485, [1] с.

16 **Баскаков, Н. А.** Ойротско-русский словарь. – М. : Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1947. – 312 с.

17 **Махмуд Кошғарий.** Девону Луғотит Турк. Том 1. – Тошкент, 1960. – 499 с.

### References

1 **Musabaev, G.** Qazaq til biliminiń máseleleri [Musabayev G. Problems of Kazakh linguistics]. – Алматы : «Abzal-A1» baspasy, 2014. – 640 p. – ISBN 978-601-7172-39-82

2 **Bolganbaev, A.** Qazaq tiliniń leksikalogiasy [Bolganbaev A. Lexicology of the Kazakh language]. – Алматы : Mektep. – 1988.

3 Úlken arab-orys sózdigi, [Large Arabic-Russian dictionary] 1 Tom, Baranov X. K., 2006. [Electronic resource]. – <https://obuchalka.org/20180719102114/bolshoi-arabsko-russkii-slovar-tom-1-baranov-x-k-2006.html>

4 **Iydahin, K. K.** Kirgizsko-rýsskii slovar. V dvýh knigah. [Iydahin K.K. Kyrgyz-Russian dictionary. In two books] – М. : Sovetskaiia Ensiklopediia, 1965. – Kniga 1 (A-K) 503 s. – Kniga 2 (L-Ia) 475 p.

5 **Ýalhanov, Sh.** Altýshaharǵa sapar. – Алматы : Atamura, 2006. – 304 p.

6 Persidsko-rýsskii slovar : [V 2-h t. / M. N. Osmanov, D. H. Dorri, L. N. Kiseleva i dr.; Avt. predisl. Iy. Rýbinchik] T. 1 [Perso-Russian dictionary : [ in 2 volumes / M. N. Osmanov, D. X Dorri, L. N. Kiseleva, etc. Author's preface by Yu. Rubinchik] Vol. 1.]. – М. : Rýs. iaz., 1985. – 800 p.

7 **Eleýsizov, M.** Shoqan Ýalhanovtyń ekonomikalýq kózqarasy [Economic views of Shokan Ualikhanov]. – Алматы : Qazaq memleket baspasy, 1959. – 127 p.

8 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi / Januzaqov T. (bas red.) [Explanatory Dictionary of the Kazakh language / Zhanuzakov T. (General Ed.)]. – Алматы : Daik-Pres, 2008. – 968 p. – ISBN 9965-798-99-0

9 **Qaidarov, A.** Qazaq terminologiasyna jańasha kózqaras [New approach to Kazakh terminology]. – Алматы, 1993.

10 **Syzdyq, R.** Qazaq ádebi tiliniń tarıhy [Syzdyq R. History of the Kazakh literary language]. – Алматы : Arys, 2004.

11 **Syzdyqova R.** Sózder sóleidi [Syzdyqova R. Words speak]. – Алматы : «Arys», 2004.

12 Tájikstan-oryssha sózdik / Mirboboev A. (ready.) Tájik-orys mádenieti-orys – orys sózdigi-tájik-orys sózdigi. [Tajik-Russian Dictionary]. – Dýshanbe : Rýdaki Gylymi-Zertteý Instituty, 2006. – 782 p.

13 **Bartold V. C.** Shygýs Jetisý Ocherki [Essay on the history of Semirechye]. – Frýnze : Qyrǵygosizdat, 1943. – 104 p.

14 **Qunanbaev, A.** Shygarmalarynyń tolyq jinaǵy [Kunanbaev A. Full collection of works]. – Алматы : Gylym, 1954. – 321 p.

15 Bolshoi akademicheskii mongolsko-rýsskii slovar [Academic dictionary of the Mongolian-Russian dictionary]. Mongol oros delgerengui ih tol : V 4-h t. : ok. 70 000 slov / In-t iaz. i lit. Akad. naýk Mongoliu, In-t iazykoznanii RAN ; [Ё. Baiarsaihan i dr.] ; Pod obsh. red. A. Lývsandendeva i S. Sedendamba ; отв. red. G. S. Púrbeev. – М., 1957 j. А - G. – 2001. – 485, [1] p.

16 **Baskakov, N. A.** Oirotsko-rýsskii slovar [Baskakov N.A. Oirot-Russian Dictionary]. – Moskva : Gos. izd-vo inostr. i nas. slovarei, 1947. – 312 p.

17 **Maxmýd Koshǵari.** Devoný Lýgotit Týrk. Tom 1. [Mahmud Koshgari. Devonu Dictionary Turkish. Complete 1.]. – Toshkent, 1960. – 499 p.

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

\*Г. Ж. Утемисова<sup>1</sup>, А. О. Карипжанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Торайгыров университет, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

### ЭТИМОЛОГИЯ УСТАРЕВШИХ НОМИНАЦИЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ НУРТУГАНА ЖЫРАУ И ШОКАНА

*В статье рассматриваются устаревшие названия в языке. В связи с устареванием того или иного понятия, названия, обозначающие это понятие, редко употребляются, сохраняются в нашем языке языковые выражения, вызванные различными этапами развития языка, лишь по показателю устаревания устаревших наименований могут изолироваться от лексики казахского языка и образовывать лексику устаревших наименований. Также доказано, что такие языковые факты используются при описании событий*

*прошлых эпох в зависимости от исторической ситуации и повышают художественную степень произведения, дифференцируя исторические номинации в произведениях Нуртугана жырау и Шокана.*

*Утверждается, что в казахском языке ряд устаревших названий непосредственно связаны с религиозными проповедями. Также анализируются устаревшие названия, относящиеся к воинским именам и доспехам, устаревшие названия, относящиеся к социальным, административным названиям. На конкретных примерах доказываем, что древние названия на языке Нуртуган жырау и Шокан точно отражали быт описываемой ими эпохи и обогащали лексико-семантические слои своих языков.*

*При рассмотрении теоретических основ исследования устаревшей лексики руководствуются научными выводами Г. Мусабаяева, А. Болганбаева, Р. Сыздық.*

*Ключевые слова: устаревшая лексика, исторические номинативы, лексика, историзм, архаизм, лексико-семантическая группа, лексикология, языковая норма.*

\*G. S. Utemisova<sup>1</sup>, A. O. Karipzhanova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.21.

## ETYMOLOGY OF OBSOLETE NOMINATIONS IN THE WORKS OF NURTUGAN ZHYRAU AND SHOKAN

*The article deals with obsolete names in the language. Due to the obsolescence of a particular concept, the names denoting this concept are rarely used, language expressions caused by different stages of language development are preserved in our language, only by the indicator of obsolescence of obsolete names can be isolated from the vocabulary of the Kazakh language and form the vocabulary of obsolete names. It is also proved that such linguistic facts are used in describing the events of past epochs, depending on the historical situation, and increase the artistic degree of the work, differentiating the historical nominations in the works of Nurtugan Zhyrau and Shokan.*

*It is argued that in the Kazakh language, a number of outdated names are directly related to religious sermons. It also analyzes outdated names*

*related to military names and armor; outdated names related to social and administrative names. Using concrete examples, it is proved that the ancient names in the language of Nurtugan Zhyrau and Shokan accurately reflected the life of the era they described and enriched the lexical and semantic layers of their languages.*

*When considering the theoretical foundations of the study of outdated vocabulary, the scientific conclusions of G. Musabayev, A. Bolganbayev, R. Syzdyk are guided.*

*Keywords: obsolete vocabulary, historical nominatives, vocabulary, historicism, archaism, lexico-semantic group, lexicology, language norm.*

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

**Баратова Мухаббат Нұржауқызы**, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru

**Бекболатова Құралай Маратқызы**, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

**Бүлегенова Индира Бектурсыновна**, докторант, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан, e-mail: indirabulegen@gmail.com

**Ерғалиева Самал Жанатқызы**, PhD, қауымдастырылған профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: samal17.12@mail.ru

**Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбековна**, филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы

**Ерназарова Зауреш Шаршабековна**, филология ғылымдарының докторы, профессор, КИМЭП Университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: ezauresh@kimer.kz

**Жанұзакова Құралай Темірбекқызы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Филология институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

**Жиренов Саян Аманжолұлы**, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

**Жүсіпов Ертай Қуандықұлы**, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры (доцент), Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: egeke1972@inbox.kz

**Жүсіпов Нартай Қуандықұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: nartai1970@mail.ru

**Кабанова Анар Бұхарбековна**, оқытушы, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы, e-mail: anar.kabanova@mail.ru

**Карипжанова Айнұр Оралқызы**, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, «Филология» кафедрасы,

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: ainurok1974@mail.ru

**Кенжетаева Гулзира Кабаевна**, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulken\_kz@mail.ru

**Кишенова Айнур Юсуповна**, оқытушы, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы, e-mail: ainur\_18.10@mail.ru

**Курмамбаева Жұлдыз Балтабековна**, PhD, аға оқытушы, Филология және көптілді білім беру институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhuldyzbc@mail.ru

**Курметова Алия Алмабековна**, оқытушы, филология мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhemchug\_95@mail.ru

**Кылышпаева Сарбиназ Хамитовна**, докторант, «Орыс тілі мен әдебиет» мамандығы, Филология Институті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: sarbi\_barbie@mail.ru

**Қалдыбаева Бекзат Ғабитқызы**, магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bekzat.qaldybai@gmail.com

**Мнайдарова Мирангүл Сергожақызы**, докторант, «Қазақ тіл білімі» кафедрасы, Филология және көптілді білім беру институты, Л. Н. Гумилев атындағы Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Mira\_260480@mail.ru

**Мырзахан Гульдана Нурболатовна**, магистрант, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: guldana.myrzakan@mail.ru

**Нуркина Назгүл Амантаевна**, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: nurkina-nazgul@mail.ru

**Оленев Станислав Владимирович**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Кемерово мемлекеттік университеті, Кемерово қ., 650000, Ресей Федерациясы, e-mail: stanislav.olenev@gmail.com

**Оналбаева Айгүль Тыныбековна**, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Орыс тілі мен әдебиет» кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aigul4814@gmail.com

**Өтемісова Гүлмира Жеткергенқызы**, аға оқытушы, Тіл білімі кафедрасы, Филология ғылымдарының кандидаты, Филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: Gumi\_kaz@mail.ru

**Сәрсекке Гүлнәр Әдебиетқызы**, профессор, «Қазақ тіл білімі» кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

**Сманова Ақмарал Смайылқызы**, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

**Тажибаяева Сауле Мухажановна**, аға оқытушы, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы, e-mail: tazhibayevs66@mail.ru

**Трушев Айтмухамет Касымбаевич**, д.ф.н., профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: trushev56@mail.ru

**Трушев Әмірбек Айтмухаметович**, филология ғылымдарының докторы, доцент, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: a.trushev@bsgarant.kzmail.ru

## СВЕДЕНИЯ О АВТОРАХ

**Баратова Мухаббат Нуржауовна**, кандидат филологических наук, профессор, Факультет Гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru

**Бекболатова Құралай Маратқызы**, PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

**Бүлегенова Индира Бектурсыновна**, докторант, филологический факультет, Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан, e-mail: indirabulegen@gmail.com

**Ергалиева Самал Жанатқызы**, PhD, ассоциированный профессор, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: samal17.12@mail.ru

**Ерназарова Гүльбаршын Шаршибековна**, кандидат филологических наук, Кызылординский университет имени Коркут Ата, г. Кызылорда, 120000, Республика Казахстан

**Ерназарова Зауреш Шаршабековна**, доктор филологических наук, профессор, Университет КИМЭП, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: ezauresh@kimep.kz

**Жанузакова Қуралай Темирбековна**, доктор филологических наук, профессор, Институт филологии, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

**Жиренов Саян Аманжолұлы**, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

**Жусупов Ертай Қуандыкович**, кандидат филологических наук, ассоц. профессор (доцент), Факультет гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: ereke1972@inbox.ru

**Жусупов Нартай Қуандыкович**, доктор филологических наук, профессор, Факультет гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: nartai1970@mail.ru

**Кабанова Анар Бухарбековна**, преподаватель, Карагандинский технический университет, г. Караганда, 100000, Республика Казахстан, e-mail: anar.kabanova@mail.ru

**Калдыбаева Бекзат Габитовна**, магистрант, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: bekzat.qaldybai@gmail.com

**Карипжанова Айнур Ораловна**, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, кафедра «Филология», Факультет гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университеті, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: ainurok1974@mail.ru

**Кенжетасева Гулзира Кабаевна**, кандидат филологических наук, и.о. профессора, филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

**Кишенова Айнур Юсуповна**, преподаватель, Карагандинский технический университет, г. Караганда, 100000, Республика Казахстан, e-mail: ainur\_18.10@mail.ru

**Курмамбаева Жұлдыз Балтабековна**, PhD, старший преподаватель, Институт филологии и полиязычного образования, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: zhuldyzbc@mail.ru

**Курметова Алия Алмабековна**, магистр гуманитарных наук, специальность Филология, преподаватель, Факультет гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: zhemchug\_95@mail.ru

**Кылышпаева Сарбиназ Хамитовна**, докторант, специальность «Русский язык и литература», Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: sarbi\_barbie@mail.ru

**Мнайдарова Мирамгуль Сергожаевна**, докторант, кафедра «Казахское языкознание», Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан, e-mail: Mira\_260480@mail.ru

**Мырзахан Гульдана Нурболатовна**, магистрант, специальность «Иностранный язык: два иностранных языка», Институт филологии и полиязычного образования, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: guldana.myrzakan@mail.ru

**Нуркина Назгуль Амантаевна**, магистр педагогических наук, старший преподаватель, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: nurkina-nazgul@mail.ru

**Оленев Станислав Владимирович**, кандидат филологических наук, доцент, Кемеровский государственный университет, г. Кемерово, 650000, Российская Федерация, e-mail: stanislav.olenev@gmail.com

**Оналбаева Айгуль Тыныбековна**, доктор филологических наук, профессор, кафедра «Русского языка и литературы», Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, e-mail: aigul4814@gmail

**Сарсеке Г. А.**, профессор, кафедра «Казахское языкознание», Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 050000, Республика Казахстан

**Сманова Ақмарал Смайылқызы**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

**Тажимаева Сауле Мухажановна**, старший преподаватель, Карагандинский технический университет, г. Караганда, 100000, Республика Казахстан, e-mail: tazhibaevas66@mail.ru

**Трушев Айтмухамет Касымбаевич**, доктор филологических наук, профессор, Факультет гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: trushev56@mail.ru

**Трушев Амирбек Айтмухаметович**, доктор филологических наук, профессор, Факультет гуманитарных и социальных наук, Торайғыров университет, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан, e-mail: a.trushev@bsgarant.kzmail.ru

**Утемисова Гульмира Жеткергеновна**, кандидат филологических наук, старший преподаватель, кафедра «Языкознание», Факультет филологии и мировых языков, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республики Казахстан, e-mail: Gumi\_kaz@mail.ru



**INFORMATION ABOUT THE AUTHORS**

**Baratova Mukhabbat Nurzhauovna**, Candidate of Philology, professor, Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru

**Bekbolatova Kuralai**, PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

**Bulegenova Indira Bektursinovna**, doctoral student, Faculty of Philology, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan, e-mail: indirabulegen@gmail.com

**Kabanova Anar Bukharbekovna**, teacher, Karaganda Technical University, Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan, e-mail: anar.kabanova@mail.ru

**Kaldybayeva Bekzat Gabitovna**, undergraduate student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: bekzat.qaldybai@gmail.com

**Karipzhanova Ainur Oralovna**, Candidate of Philological Sciences, associate professor, Department of «Philology», Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: ainurok1974@mail.ru

**Kenzhetayeva Gulzira Kabayevna**, Candidate of Philological Sciences, acting professor, Faculty of Philology, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan, e-mail: gulken\_kz@mail.ru

**Kishenova Ainur Yusupovna**, teacher, Karaganda Technical University, Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan, e-mail: ainur\_18.10@mail.ru

**Kurmambayeva Zhuldyz Baltabekovna**, PhD, senior teacher, Institute of Philology and Multilingual Education, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: zhuldyzbc@mail.ru

**Kurmetova Aliya Almabekovna**, lecturer, Master of Arts, specialty in Philology, Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: zhemchug\_95@mail.ru

**Kylyshpayeva Sarbinaz Hamitovna**, doctoral student in «Russian and literature», Philology Institute, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: sarbi\_barbie@mail.ru

**Mnaydarova M. S.**, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan, e-mail: Mira\_260480@mail.ru

**Myrzakhan Guldana Nurbolatovna**, undergraduate student, specialty in «Foreign language: two foreign languages», Abay Kazakh National Pedagogical

University, Institute of Philology and Multilingual Education, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: guldana.myrzakan@mail.ru

**Nurkina Nazgul Amantayevna**, Master of Pedagogical Science, senior lecturer, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: nurkina-nazgul@mail.ru

**Olenev Stanislav Vladimirovich**, Candidate of Philology, associate professor, Kemerovo State University, Kemerovo, 650000, Russian Federation, e-mail: stanislav.olenev@gmail.com

**Onalbayeva Aigul Tynybekovna**, Doctor of Philology, professor, Russian and Literature department, Kazakh National Women Teacher Training University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: aigul4814@gmail.com

**Sarseke G. A.**, professor, Department of «Kazakh Linguistics», L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

**Smanova Akmaral**, Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

**Tazhibaeva Saule Mukhazhanovna**, senior lecturer, Karaganda Technical University, Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan, e-mail: tazhibaevas66@mail.ru

**Trushev Amirbek Aitmukhametovich**, Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: a.trushev@bsgarant.kz

**Trushev Aytmuhamet Kassymbaeyich**, professor, Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: trushev56@mail.ru

**Utemisova Gulmira Sederhananya**, Candidate of Philological Sciences, senior lecturer, Department of Linguistics, Faculty of Philology and World Languages, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan, e-mail: Gumi\_kaz@mail.ru

**Yergaliyeva Samal Zhanatkyzy**, PhD, associate professor, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: samal17.12@mail.ru

**Yernazarova Gulbarshyn Sharshibekovna**, Candidate of Philology, Qorqyt Ata University, Kyzylorda, 12000, Republic of Kazakhstan

**Yernazarova Zauresh Sharshabekovna**, Doctor of Philological Sciences, KIMEP University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: ezauresh@kimep.kz

**Zhanuzakova Kuralay Temirbekovna**, Doctor of Philological Sciences, professor, Institute of philology, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan, e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

**Zhirenov Sayan**, Candidate of Philological Sciences, associate professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

**Zhussupov Nartay Kuandykovich**, Doctor of Philological Sciences, professor, Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: nartai1970@mail.ru

**Zhussupov Yertay Kuandykovich**, Candidate of Philological Sciences, associate professor, Faculty of Humanities and Social Sciences, Toraighyrov University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan, e-mail: ereke1972@inbox.ru

**АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР**  
**ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**  
**«ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ» ХАБАРШЫСЫ**

Редакциялық алқа авторлардан журналда жариялау үшін мақалалар дайындау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алуды сұрайды.

Журнал редакциясына ұсынылатын ғылыми мақалалар «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспаға рәсімдеу» МЕМСТ 7.5.-98 сәйкес, мақала рәсімдеу бойынша басылымның базалық стандарттарына сәйкес, рәсімделуі тиіс. Мақалаға қатысты библиографиялық тізімдер «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері».

**\*Нөмірге бір автордан не тең авторлар ұжымының құрамында бір автордан аспайтын қолжазбаға жол беріледі.**

**\*Бір мақаланың тең авторларының саны 5-тен аспайды.**

**\*Мақаланың түпнұсқалық дәрежесі кем дегенде 60 % болуы керек.**

**\*Жіберілетін мақалалар бұрын жарияланбауы тиіс, кейіннен басқа журналдарда жариялауға, оның ішінде басқа тілдерге аударуға жол берілмейді.**

**\*Қолжазбаны жариялауға қабылдау туралы шешім рецензиялау рәсімі өткізілгеннен кейін қабылданады.**

**\*Рецензиялау құпия түрде жүргізіледі («екі жақты соқыр рецензиялау»), авторға рецензенттің аты, ал рецензентке – мақала авторының аты хабарланбайды.**

**\*Мақалалар төлем туралы түбіртекпен бірге жіберіледі. Ғылыми дәрежесі бар тұлғалармен бірлескен авторлықтағы магистранттар мен докторанттардың мақалаларын қоса алғанда, журналда жариялау құны 1000 (бір мың) теңге.**

**\*Егер мақаланы плагиаттан өтпесе немесе рецензент қабылдамаған болса, мақала үшін төлем қайтарылмайды. Автор мақаланы плагиатқа немесе рецензиялауға 1 рет қайта жібере алады.**

**Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Мақалалар келесі ережелерге сәйкес қатаң түрде рәсімделуі керек:

– Журналдарға барлық ғылыми бағыттар бойынша компьютерде терілген, парақтың бір жағында 30 мм жиекпен басылған мақалалар, «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS» мәтіндік редакторларындағы барлық материалдары бар электронды медиа қабылданады.

– Аннотацияларды, әдебиеттерді, кестелерді, суреттер мен математикалық формулаларды қоса алғанда, мақаланың жалпы көлемі басылған мәтіннің 12 парағынан аспауы тиіс. Мақала мәтіні: кегль – 14 пункт, гарнитурасы – Times New Roman (орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін), KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін).

Ғылыми мақаланың құрылымы атауынан, аңдатпалардан, түйінді сөздерден, негізгі ережелерден, кіріспеден, материалдар мен әдістерден, нәтижелер мен талқылаудан, қорытындыдан, тұжырымнан, қаржыландыру туралы ақпараттан (бар болса), әр бір мақалаға дереккөздердің кириллицамен (қазақ және орыс тілдерінде) жазылуының романизацияланған (латын әліпбиімен транслитерленген) нұсқасын қоса алғандағы, әдебиет тізімінен (пайдаланылатын дереккөздерден) тұрады) МЕМСТ 7.79–2000 (ИСО 9–95) қараңыз. Правила транслитерации кирилловского письма латинским алфавитом.

Мақалада болуы тиіс:

1 **ҒТАМР** (Ғылыми техникалық ақпараттың мемлекеттік аралық рубрикатор);

2 ҒТАМР-дан кейін **DOI** жоғарғы оң жақбұрышта (журналдың редакциясы тағайындайды және толтырады);

3 Автордың (лардың) **Тегі, Аты, Әкесінің аты** (толық) – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (қою әріппен, ортада), бас авторды (\*) таңбамен белгілеу керек;

4 **Ғылыми дәрежесі**, ғылыми атағы;

5 **Аффилиация** (факультет немесе өзге құрылымдық бөлімше, ұйым (жұмыс (оқу) орны), қала, пошталық индекс, ел) – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

6 **E-mail**;

7 **Мақала атауы** мақаланың мазмұнын, тақырыбын және ғылыми зерттеу нәтижелерін көрсетуі керек. Мақала атауына ақпараттық мазмұн, тартымдылық және бірегейлікті енгізу қажет (12 пункттен артық емес, бас әріптермен, қою қаріппен, ортасында, үштілде: орыс, қазақ, ағылшын немесе неміс тілдерінде);

8 **Аңдатпа** – мақаланың мақсатын, мазмұнын, түрін, нысанын және басқа да ерекшеліктерін қысқаша сипаттау. Автордың пікірінше, негізгі және құндықезендер, нысандар, олардың белгілері мен зерттеу нәтижелері көрсетілуі керек. Қазақ, орыс және ағылшын не неміс тілдерін деберіледі (адатпаның ұсынылатын көлемі – 150-ден кем емес, 300 сөзден артық емес, курсивпен, қою емес шрифтпен, кегль – 12 пункт, сол және оң жақтағы абзацтық шегініс 1 см, үлгіні қара);

9 **Тірек сөздер** – объект, ғылыми сала және зерттеу әдістері терминдерінде мәтіннің мазмұнын көрсететін сөздер жиынтығы (үш тілде ресімделеді: орыс, қазақ, ағылшын не неміс; кегль – 12 пункт, курсив, сол жақ-оң жақ шегініс – 1 см.). Ұсынылатын тірексөздер саны – 5–8, тірексөз тіркесіндегі сөздер саны – 3-тен аспауы тиіс. Олармаңыздылығы бойынша анықталады, яғни мақаланың ең маңызды тірек сөзі тізімде бірінші болуы керек (үлгіні қараңыз);

10 **Мақаланың негізгі бөлігі** оның бөліктерінің белгілі бір ретімен жазылады, оған мыналар кіреді:

– **Кіріспе** / Introduction (абзац 1 см сол жақ жиегінде, қою әріптермен, кегль-14 пункт). Тақырыпты таңдауды негіздеу; тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Тақырыптың өзектілігі осы объектіні зерттеуге деген жалпы қызығушылықпен анықталады, бірақ бар сұрақтарға толық жауаптардың болмауымен, ол тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді.

– **Материалдар мен әдістер** (сол жақ шетінен 1 см абзац, қою әріптермен, кегль – 14 пункт). Олар материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ қолданылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы керек.

– **Нәтижелер және талқылау** (сол жақ шетінен 1 см абзац, қалың әріптермен, кегль – 14 пункт). Сіз алған зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша қорытындылар келтіріледі, негізгі мәні ашылады. Бұл мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі. Онда сіздің жұмысыңыздың нәтижелерін талдау және алдыңғы жұмыстармен, талдаулармен және қорытындылармен салыстырғанда тиісті нәтижелерді талқылау қажет.

– **Қаржыландыру туралы ақпарат** (бар болса) (сол жақ шеті бойынша 1 см абзац, қою әріптермен, кегль – 14 пункт).

– **Қорытынды** / Conclusion (абзац 1 см сол жақ жиегінде, қою әріптермен, кегль – 14 пункт). Қорытынды – осы кезеңдегі жұмысты қорытындылау және тарату; автор ұсынған тұжырымның ақиқатын растау және алынған нәтижелерді ескере отырып, ғылыми білімнің өзгеруі туралы автордың қорытындысы. Қорытындылар дерексіз болмауы керек, олар белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін жалпылау үшін, әрі қарай жұмыс істеу ұсыныстарын немесе мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолданылуы керек.

– **Пайдаланылған дереккөздер тізімі** / References (қою әріптермен, кегль – 14 пункт, ортада). Қамтылатындар:

**Мақала және пайдаланылған дереккөздер тізімі** МЕМСТ 7.5-98; МЕМСТ 7.1-2003 сәйкес жасалуы керек (үлгіні қараңыз).

Дереккөздердің реттілігі келесідей анықталады: алдымен дәйекті сілтемелер, яғни мақаланың өзінде кезектілік бойынша сілтеме жасайтын

дереккөздер. Содан кейін сілтемелері жоқ қосымша дереккөздер, яғни мақалада болмаған, бірақ сіз оқырмандарға параллельді жұмыстар сияқты танысу үшін ұсынған дереккөздер. Ұсынылатын көлемі 10-нан кем емес, 20-дан аспайтын атау (мақаладағы сілтемелер мен ескертпелер толассыз нөмірленеді және шаршы жақшаға алынады). Кириллицада ұсынылған жұмыстардың пайдаланылған дереккөздерінің тізімінде болған жағдайда, әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған (латын әліпбиімен транслитерация) дереккөздерді кириллицада жазу нұсқасы (қазақ және орыс тілдерінде)

